

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№2 | 2023

ZANMEDIA.KZ

**НҰРЖАМАЛ
МЫҚТЫБАЕВА,**

«ТАТУЛАСТЫРУ ЗАҢГЕР
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ» ДИРЕКТОРЫ,
ОТБАСЫЛЫҚ ПСИХОЛОГ,
ЗАҢГЕР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ДӘРЕЖЕДЕГІ МЕДИАТОР

**«МЕДИАЦИЯҒА
ПСИХОЛОГТАРДЫ
ТАРТУ КЕРЕК»**



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№2 | 2023

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Нұржамал МЫҚТЫБАЕВА,
«Татуластыру заңгер орталығының» директоры, отбасылық психолог, заңгер,
халықаралық дәрежедегі медиатор:

«МЕДИАЦИЯҒА ПСИХОЛОГТАРДЫ ТАРТУ КЕРЕК»

Т. Смағұлқызы

3

Бейбіт өмірдің батыры

Д. Әмір

12

Адамзатқа жетпей жатқаны — Заң заманы

М. Азбанбаев

23

Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды
шешу жолдары

Г. Бақытжанова

27

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану

Т. Алданов

32

Азаматтық істерді қарау және шешу мерзімдерін сақтау

А. Сармаева

34

Құқықтық мәдениет қалыптастыру маңызды

И. Абекова

36

Бауыржан МҰРАТБЕКҰЛЫ,
экономист, «Болашақ» бағдарламасының тағылымдамашысы:

Кірісті тек мұнайға байлаудың қажеті жоқ

Е. Ержанұлы

39

ӨМІР ДЕРЕК

Медиацця институты дамыған елдерде ертерек заңдастырылғанымен біз үшін бұл бабаларымыздың байырғы дәстүрі, яғни, дау шешудегі озық өнегесі. Бұған кең байтақ қазақ даласында түрме атауының болмағаны дәлел. Осы тұрғыдан алғанда ҚР «Медиацця туралы» заңы қазақ халқының ұмытыла бастаған құнды салт-дәстүрін қалпына келтіруге жасалған игі қадам ретінде бағаланады.

Мұны айтып отырғанымыз, аталған заң өмірге медиатор ұғымын енгізді. Қазіргі күні қоғамымызда халықты бірлік пен ізгілікке, татулық пен мейірбандыққа үндеп жүрген кәсіби және кәсіби емес медиаторлар жетерлік. Солардың арасында жас та болса, бас болып, дауласушыларды баяғының билеріндей бітімге келтіріп, көпшіліктің ықыласына бөленіп жүрген Нұржамал Мықтыбаева есімі айрықша аталады.

Себебі, Нұржамал дауласушыларды жарастыруда заң мен психологияны ұштастыра білген біліктілігі жоғары, тәжірибесі мол кәсіби медиатор. Медиацця саласында еңбек еткен 4 жылда ол 8200 даулы іске төрелік жасап, соның басым көпшілігін тараптарды татуластырумен аяқтаған.

Ұстаздар отбасында өскен Нұржамалдың білімге құштарлығы бойына бала кезден сіңген қасиет. Мектеп бітірген соң Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіне түсіп, психология ғылымының магистрі атанды. Бұған қоса ол академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетінде заңгер мамандығын алды. Д.Қонаев атындағы колледжде психолог болып жұмыс жасады.

Әкесі Бақыт Қабылбеков филолог, ұзақ жылдар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ұстаз болды. Қазіргі күні зейнетте. Анасы Ақлима Қабылбекова бүгінде жеке кәсіпкер.

Нұржамал Мықтыбаева Қазақстанда медиаццияның дамуына қосқан үлесі үшін РПА «Халықаралық медиацция орталығының» медалімен марапатталды. Сондай-ақ, ол медиацция қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін «Медиацция саласының үздігі» деп танылды. Бұған қоса медиатор халықаралық және республикалық деңгейдегі сертификаттардың иегері.

Бүгінде Нұржамал Алатау ауданы бойынша медиацция орталығын басқарады. Бұдан бөлек Жетісу ауданының да медиацция орталығына жетекшілік етуде.

Н.Мықтыбаева мемлекетімізде медиаццияның қолданыс аясын кеңейтіп, жоғары деңгейге жеткізу мақсатында «Татуластыру заңгер орталығын» ашты. Орталықта тәжірибелі мамандар шоғырланған.

Халықаралық дәрежедегі медиатормен жүргізген сұхбатымызды оқырмандар назарына ұсынамыз.



Нұржамал МЫҚТЫБАЕВА,

«Татуластыру заңгер орталығының» директоры, отбасылық психолог,
заңгер, халықаралық дәрежедегі медиатор:

«МЕДИАЦИЯҒА ПСИХОЛОГТАРДЫ ТАРТУ КЕРЕК»

– Бір емес екі мамандығыңыз бар, медиаторлыққа келуіңізге кімнің немесе ненің әсері болды?

– Психология ілімі де, құқықтық сауат та әрбір адамға керек білім. Сондықтан, екі кәсібім де менің жаныма жақын. Магистрлік жұмысымды «Отбасылық дауларды медиация арқылы шешудің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында қорғадым. Сол кезде жүргізген зерттеу барысында елімізде ажырасу көрсеткішінің шектен тыс артқанына көз жеткіздім. Осы мәселе мені қатты алаңдатты және медиаторлыққа келуіме тікелей себеп болды.

Араздасқандар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, құқықтарын реттеу, яғни, райларынан қайтарып, ортақ мәмілеге ұйыту өте күрделі процесс. Осы жағынан алғанда медиация жүргізуде психологиялық білімімнің көмегі көп тиюде. Өйткені, психология адами қарым-қатынас, адами құндылықтар, адамның рухани білімі, жалпы алғанда жан тану ілімін қарастырады. Сондықтан, медиаторлықты қалайтындар ең бірінші психологияны меңгерулері керек деп ойлаймын.

– Азаматтар көбіне қандай мәселемен келеді?

– Отбасылық, мысалы, ажырасу, алимент, авторлық құқық және жол көлік апаты бойынша істер өте көп. Соның барлығында татуласу жолымен бітіруге бар күш-жігерімді саламын.

– Ажырасуға көбіне әйелдер ниет білдіре ме әлде ер-азаматтар ма?

– Ажырасуға алғашқы қадамды көбіне әйелдер жасайды. Бұған жолдасының ақша таппауы, ішімдікке, ойынқұмарлыққа салынуы немесе екінші отбасын құруы, қаражаттың жетпеуі, қызғаныш, т.б. сан түрлі жағдайлар себеп болады. Ерлі-зайыптылар арасына ене, қайын сіңілі, қайын әпкенің түсуінен де отбасы бұзылады. Материалдық, моральдық тұрғыда қиналып, күйзеліске түскен әйел ақыр соңында ажырасуға бел буады. Ерлі-зайыптыларда тығырықтан шығуға деген ниеттің жоқтығы, бір-бірімен ашық сөйлеспеуі мәселені одан әрі ушықтырып жібереді.

– Тәжірибеңізде қанша отбасының сақталуына көмегіңізді тигіздіңіз?

– Мен ерлі-зайыптылармен бірдей жұмыс істеп, олармен жеке-жеке сөйлесемін. Әрқайсысына ата-ананың екі жаққа кетуі балалар



Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбековпен Халықаралық Республикалық медиатор орталығы арасында меморандум бекітілді

үшін қаншалықты ауыр зардап екенін түсіндіруге тырысамын. Тіпті, ажырасқан күннің өзінде ұл-қызының болашағы үшін жауласпай кетулеріне жан-жақты көңіл бөлдіремін. Нәтижесінде бірін-бірі тыңдап, өз ойларын, өкпе-наздарын толық айтады. Қандай жағдайда да түсінісуге деген алғашқы қадам сөйлесуден басталатынын тәжірибе көрсетіп отыр.

Мысалы, Түркия, Үндістан, т.б. елдердің азаматтарына тұрмысқа шыққан қыздарымыз алимент бойынша жүгінді. Шетел азаматтарымен 5 отбасылық медиация жүргіздім. Барлығы оң шешілді. Осы уақытқа дейін 160 ерлі-зайыптының татуласып, отбасыларын сақтауына көмегім тиді. Әрине, оларды жарастыру оңай болған жоқ.

– Блогерлер үстінен Сіздің араласуыңызбен қылмыстық іс қозғалғанын естідік. Осы оқиғаны кеңірек айтып өтесіз бе?

– Жаяу жүргіншілер жолағында көлік қағып кеткен көп балалы отбасыдан шыққан жас қыз көмек сұрап келді. Біздің орталық туралы әлеуметтік желіден біліпті. Қаққандар «Қосылайық» бағдарламасының басты кейіпкерлері. Олар қызды жедел жәрдем шақырып, ауруханаға алып барған, бірақ, ешқандай көмек көрсетпеген. Дәрі-дәрмекке 28 мың теңге ғана берген. Қыздың басы үш жерден жарылған. Жарақаты жеңіл емес.

Блогерлер Ұлжанның қан болып жатқан бейнесін суретке түсіріп, интернетке салады, әрі «Осы қыздың еміне екі күнде екі млн жинап үлгеруіміз керек» деп халықтан ақша



Алатау аудандық сотының төрағасы Ғалым Бекбатырмен меморандум жасалды

сұрайды. Алайда, жиналған ақшаны жәбірленушіге бермей өздері пайдаланады. Негізгі жол көлік апаты Қылмыстық процестік кодекстің 345-бабымен дәрежеленуі тиіс еді. Алайда, іс әкімшілік құқық бұзушылықпен қозғалып, блогерлер мемлекетке 100 мың теңге айыппұл төлеп құтылған.

Тергеушімен хабарластым. Ол адвокаттың нөмерін берді. Адвокат зардап шегушінің

денсаулығын түзеуіне көк тиын да бермейтіндерін ашық айтты. Блогерлерге бірнеше рет телефон соқтым, алмады. Хабарлама жаздым, жауап бермеді. Ұлжан көлік апатынан соң басы ауырып құлап қала беретін жағдайға жеткен. Менің қабылдауымда отырып та құлап қалды.

Жап-жас қызға жасалып отырған әділетсіздікке кім болса да бей-жай қарай алмасы анық. Ұлжанға көмектесу мақсатында «Евразия» телеканалының «Көреміз» бағдарламасына хабарластым. «Қосылайық» ток-шоуы да осы арнаныкі екен. Сол себепті, олар түсіргілері келмеді. «Астарлы ақиқатқа» шықтым. «Қос алаяқ» деп аталатын бағдарлама түсірілді. Осыдан кейін ғана блогерлердің үстінен алаяқтық туралы қылмыстық іс қозғалды. Себебі, олар халықты алдап ақша жинады. Бұл іспен қазір прокуратура айналысуда. Ұлжанның ісін ақысыз жүргізіп жатырмын.

– Арнайы орталық ашып жатырсыз, қызметтеріңіз жайлы да айтып өтсеңіз?

– «Татуластыру заңгер орталығында» білікті адвокаттар мен медиаторлар, заңгерлер шоғырланған. Болашақта халыққа қызмет көрсету орталығы сияқты медиаторлардың республикалық деңгейдегі үлкен орталығына айналдырғым келеді. Өйткені, мұндай орталық Қазақстанда жоқ. Баста-



масы Алатау ауданынан басталып отыр.

Біз сотқа дейін, сот барысында, соттан кейін де медиация жүргіземіз. Басты міндетіміз дауласушы тараптарды мәмілеге келтіріп, мүмкіндігінше татуластыру, сол арқылы бір-біріне деген наразылықты жою. Медиацияның маңыздылығы да осында. Медиацияның артықшылықтарын біз насихаттаймыз, бірақ, олар халыққа бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер арқылы жетеді. Сондықтан, БАҚ-тар арнайы айдарлар ашып, медиация туралы роликтерді ақысыз шығарса, ел ертеңі үшін жасалып жатқан игі іске халық та тезарада бет бұрар еді.

Алатау аудандық әкімшілігі жанындағы «Бақытты отбасы» орталығымен бірге жұмыс жасаймыз. Былтырғы тамыз айында Алматы қалалық Білім басқармасы «Бала-



**Жетісу аудандық №2 сотының төрағасы Сержан Байболовпен
меморандум жүргізу сәті**



**Жетісу аудандық сотының төрағасы
Мұрат Хожабергеновпен меморандумға қол қойылды**

лар мәселесін медиация жолымен шешу» пилоттық жобасын қолға алып, ең алғашқы тапсырманы Алатау ауданына берді. Себебі, бұл аудан бізде қазақи, яғни, қазақ отбасылары көп шоғырланған аумақ.

Әлем бойынша кең тараған медиацияның мақсаты дауларды сотқа дейін реттеу. Сондықтан, мектеп медиациясын Қазақстан тәжірибесіне енгізудің маңызы зор. Аудандағы 29 мектептің үйлестірушісі, Қарлығаш Ақмурзаеваның ұйымдастыруымен директорларға, одан соң мұғалімдерге семинар өткіздім. Медиацияның мақсат-міндетін кеңінен түсіндіріп, кез келген мәселені сотсыз шешуге болатынын халқымыздың озық

дәстүрлері мен дамыған елдер тәжірибесіне сүйене отырып жеткіздім. Кәмелеттік жасқа толмаған балалар арасындағы келіспеушіліктер, оларды шешу жолдары, т.б. толып жатқан мәселелерді қарастырдық. Осыдан кейін мұғалімдер мектепте, жұмыс барысында туындаған дауларда алдымен медиаторларға жүгіне бастады.

- Мектептерге медиатор штатын енгізу керек пе қалай ойлайсыз?

- Мектепте ата-ана мен мұғалім, мұғалім мен оқушы, басқа да мамандар арасында туындаған дауламайды психолог,

медиаторлардың араласуымен реттеу өркениетке бастайды. Мектептерге психологтармен қатар медиаторларды да көптеп тартсақ, одан ұтпасақ ұтылмаймыз. Себебі, адамдарды татуластыруда психологиялық білімнің берері мол. Сонымен қатар, мектептегі даулар бойынша медиаторлар комиссиясы құрылып, оларға айлық төлеу жағы қарастырылса, қазіргі болып жатқан проблемалардың біразы өз-өзінен жойылар еді.

Бұлай деп отырғаным, аудандағы 29 мектеп психологымен бір өзім жұмыс істеймін. Мысалы, алиментін беріп отырса да, кей әйелдер баланы көрсеткісі келмейді. Әкесі баласын мектептен алып кеткен жағдайда

мұғалімдердің үстінен арыз жазады. Осындай кезде ата-аналар мен мұғалімдер арасында дау ушығады. Бала күйзеліске түседі. Психологтармен бірге туындаған мәселені шешу жағын қарастырамыз.

Анықтай келе әйелдер алименттен бөлек баланың киім-кешегіне, т.б. қосымша көмек сұрайды. Бірақ, бұған ері келіспейді. Содан ұрыс шығады. Ер-азаматтардың жағдайды өздері саралауына мүмкіндік жасаймын. Мысалы, еркек бір өзі, ал, шешесі екі баламен қалады. Бұл жерде кімнің күнкөрісі қиын болады, алимент мардымсыз. Түптеп келгенде жетіспеушілік мехнатын бауыр еті баласы тартады. Мұны түсінгендер қосымша көмек беріп, баласының материалдық тұрғыдағы жағдайын жақсартуға бет бұрады.

– Орталықта қызметақы жағы қалай реттелген?

– Көп балалы аналар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға ақысыз қызмет етеміз. Ал, алимент мәселесінде қызметақының

50 пайызын аламыз. Мүмкіндігінше халыққа жеңіл болу жағын ойлаймын. Небір қиын жағдайда жүрген замандастарымыз бар. Әсіресе, жолдасы өмірден озған жалғызбасты аналарға өз басым ақысыз көмектесемін.

Барлық мәселеде тараптардың татуласуына басымдық береміз. Мысалы, бірінші қабылдау тегін, одан кейін құжаттарға байланысты 10 АЕК-ты құрайды. Неке бұзуда баланың анасымен немесе әкесімен қалатыны, қай уақытта кездесетіні, баланың 3 және 18 жасқа дейінгі алименті, т.б. бәрі қамтылады. Бізде жасалған құжат барлық мемлекеттік органдарға жарамды болады. Ортақ мүліктері болса соны өзара келісіммен бөліседі, біз тек қана заңды құжат жасап, заңдастырамыз..

Айта кетерлігі, сертификат, куәлігін алған медиатордың қалалық соттың базасында тіркелуі міндетті. Біздің орталық әкімшілік, сот, прокуратура, Алматы қаласының адвокаттар алқасымен, т.б. құзырлы орган-

**Алатау аудандық сотының судьяларымен
медиация тақырыбында
өткен дөңгелек үстелде**



Орталық қызметкерлері



ТАТУЛАСУ ОРТАЛЫҒЫ



дармен қылмыстық істер бойынша аудандық ішкі істер бөлімдерімен бірлесе жұмыс жасайды.

– Медиаторларға қандай талаптар қойылады?

– Жылына бір рет Астанадағы Халықаралық республикалық медиаторлар орталығына өз есебімізді береміз. Бұдан бөлек әр жыл сайын жеке куәлік алуға емтихан тапсырамыз. Медиация жасалмаса немесе медиатордың үстінен шағым болса онда куәлік берілмейді. Тергеу изоляторына, т.б. сол сияқты

мемлекеттік мекемелерге медиатор куәлігімен кіреміз.

Сотқа дейін, сот барысында күдіктілерден арыз түскен жағдайда медиацияға заң аясында араласамын. Медиация саласына келгелі 950 қылмыстық істің Қылмыстық процестік кодекстің 68-бабымен қысқартылуына септігім тиді. Осының өзі медиация тәртібін қолдану арқылы елімізде түрмеде отыратындар санын төмендетуге болатынын көрсетеді.

Халықаралық республикалық деңгейдегі сертификатқа ие болғандықтан, біздің құ-

жатымыз Қазақстанның барлық аумағында жарамды.

– Жұмыс барысымен халық арасына шыққанда олар медиатордың құжатына мән бере ме?

– Иә, даулы істерде маман құжаты маңызды рөлге ие. Көпшіліктің дауды сотқа дейін бітіргісі келетіндері осының айғағы. Зауыт пен 28 тұрғын үй иесінің арасында туындаған дауға қатысты оқиғаны айтсам, зауыт шарбағы биік болғандықтан, тұрғын үйлерге күн сәулесінің еркін түсуіне кедергі келтіреді екен. Үлкендер жағы мәселенің жай-жапсарын түсіндіріп, дауды ушықпай бітіру жөнінде ақыл-кеңестерін айта бастап еді, жастар оларды сөйлетпей, «қандай білімдеріңіз бар?» деп тоқтатып тастады. Мен медиаторлық куәлігімді көрсеткеннен кейін ғана мәселе талқыланып, олар өздерінің талап-тілектерін жеткізді. Шарбаққа жақын орналасқан екі үйді зауыт иелері айтқан бағаға сатып алды. Тұрғындар қойған талаптың бәрі орындалып, өзара келісімге келді.

– Халықтың медиацияға көзқарасы қалай?

– Әрине, «Медиация туралы» заңның тиімділігін, пайдасын жұртшылық бірден түсіне қойған жоқ. Медиациялық келісімдердің заңдық тетігінің қалыптасуы жаңа институттың жандануына айтарлықтай әсерін тигізді. Қазір көш ілгеріміз. Соттар да тараптарға істі медиациямен бітіруді ұсынады.

– Медиацияны дамытуда мемлекет тарапынан қандай шаралар қолға алынғаны жөн деп ойлайсыз?

– Медиация қазаққа жат болмағанымен, бізге шетелден келді. Америкада соттан бұрын міндетті түрде медиаторға барады. Қазақстанда да медиатордың анықтама-сымен ғана сотқа бару заңдастырылуы қажет. Дегенмен, мемлекет тарапынан медиацияны дамытуға қатысты игі қадамдар жасалып жатыр. Медиацияны қолдану нормалары азаматтық, қылмыстық, әкімшілік,

т.б. заңнамаларда жан-жақты қарастырылған. Елімізде Әкімшілік соттар ашылды. Осыған орай, медиаторлар мемлекеттік қызметкерлермен де жұмыс жасайтын болды. Соттарда, аудандық ішкі істер басқармаларында, әкімшіліктерде медиаторлар кабинеті бар. Медиацияның дамуына атсалысатын деген адамға мүмкіндік мол, тек жұмыс істеу керек.

– Адвокаттардың істі медиациямен бітіруге мүдделілік танытпайтыны туралы пікірлерді жиі естиміз, бұл тұрғыда Сіз не дейсіз?

– Медиацияны қолдайтын да, қолдамайтын да адвокат бар. Адвокаттар қорғайды, медиаторлар заңдастырып, сотқа өткізеді. Сот істің соңғы нүктесін қойып, шешім шығарады оған ешкім араласа алмайды. Медиация институты бабаларымыздың «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» қағидатымен үйлесіп қана қоймай, халқымыздың бүкіл әлемге үлгі етерлік салт-дәстүрін қалпына келтіреді. Қасиетті хадисте адамдарды татуластыру «Екі адамның немесе араздасушы топтың арасында әділдік орнатып, бір-бірімен жарастыру, олардың арасындағы қарым-қатынасты жақсарту – сендер үшін садақамен бірдей» деп сипатталған. Сондықтан, медиация институтының жұмысын жандандыру жолында қоғам болып жұмылу міндет.

– Жұмыс барысындағы басты ұстанымыңыз?

– XVIII ғасырда өмір сүрген Тана Малайсары би Сырым биге «Шырағым, үш сөз бар, соны ұмытпай жүрсең, халқың соңыңнан қалмас. Ұмытсаң, артыңнан ермес. Ол үш сөз: ұят, борыш, обал!» деген екен. Дана бабаларымыздың осы өсиеті менің өмірлік ұстанымыма айналды.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге үлкен рақмет.

Сұхбаттасқан
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ

Досжан ӘМІР, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы

БЕЙБІТ ӨМІРДІҢ БАТЫРЫ

Әрине, ұлт мүддесі киелі ұғым ретінде бәрінен де биік тұрады анық, ал сол ұлт мүддесінің ішіндегі ең қымбаты, ең қасиеттісі – жер. «Жер, жер және жер, жерсіз отан жоқ!» деп алаштың айбынды көсемі Әлихан Бөкейханның күндей күркіреген, дүниені дүр сілкіндіріп, айбаттанған үні естіліп, бүгінгі атқан таңымызда жаңғырығы келіп жеткендей толқитынымыз, сол әсердің күшімен қуаттанатынымыз сондықтан. Ондай сәтте көз алдымыздан өзінің жанышын жұрты, киелі топырағымен құдыреттенген алаштың арлы азаматтары тізіліп өтіп жатады.



Біртуар

Отаршыл империямен күресуге басын құрбандыққа тігіп, нар тәуекелмен атқа қонғанның бәрі де жалындаған жастар еді. Олар мейірімсіз, қатыгез, отаршыл империяның қайраулы қылышына тап болып, шетінен құрбандыққа шалынып, таусылып бітуге айналғанда, өр алаштың кеудесі басылғандай болған, жер-көкті шарпыған жалындарының қызуы қайта бастағандай, қоламта шоғы өлеусірей жанып, өшіп бара жатқандай еді. Отаршыл империя қайсар жұртты біржола жер қылдық, үмітін қырқып, қайта бас көтерместей тып-типыл еттік деген сеніммен ойына келгенін істеп жатқанда, сол алаш намысының көп жылдар өткен соң, бұрқ етіп қайта көтерілуі – таңқаларлық жағдай болатын. Жоқ, алаштың отты рухы ешқашан өшпепті, өр кеудесін зұлымдық біржола таптай алмапты. Бір кездегі Мағжан ақын құдіреттене жырлағандай, «күннен туған, ғұннан туған» қайран қазақ жұртының қайнап шыққан намысындай болып жарқ еткен, бір өзі самсаған мың қолдың айбатын танытқандай болған, ұлтымыздың біртуар ұлы – Жұмабек Ахметұлы Тәшенов болатын.

Ұлт ұланының ел есінде қалар жүз ісі, мың әрекеті болуы мүмкін, бірақ, соның ішінде, оқыстан жарқ етіп, дүниені найзағайдай тіліп өтіп, танылатын ғасырлық қаһармандық ерлігі болады. Мысалы, Әлихан Бөкейханның ұлтының болашағы жолында алаш мүддесін көтеріп, қолға алып, жұрты сенген, үлкен үміт артқан күрескер рухты, таңдаулы азаматтарымыздың басын қосып, біріктіруі секілді. Сондай-ақ, оның тапсырмасымен Әлихан Ермековтің 1920 жылғы съезде Лениннің алдында сөйлеп, қазақ жерін белгілеп, бекіттірген тарихи маңызы зор баяндамасы сияқты, ірі, кесек әрекеттер, мұндай айрықша құрметке лайық ерліктер, қаһармандық істер алаш арыстарының әрқайсысынан табылды. Олар сондай істер тындыруға лайықты, тумысы бөлек тұлғалар болатын.

Кесек әрекет

Кейінгі кездері алаш ренессансы деген теңеу қолданып жүрміз, шынында да, бұл кезең – алаштың, ұлтымыздың қайта туып, өркендеу, нағыз жаңару дәуірі екендігі анық. Империялық большевиктік үкімет те, тап осы күш-қайраты, жігері тасқындаған әрі жан-жақты білімді, өңкей ғұлама-ғалым, құдыреті күшті жаратқанның қалауымен, бір мезгілде басы тоғысқан алаштың ренессанс дәуірінің тұлғаларынан қатты қаймыққаны рас. Сондықтан да, олардың көзін тезірек жоюға асыққан. Сол мақсатына жеткен большевиктік үкіметтің өр халықтың кеудесін біржола бастық, арасынан енді селт етіп бас көтерер қаһарманы табыла қоймас деген сенімі күшті еді. Алаш арыстарына тән дара қаһармандықты кеңестік большевиктік империя әбден күшіне мінген шақта көрсете алған – Жұмабек Тәшенов. Алаштың Әлиханы мен Әлімхандары, Ахметі мен Міржақып, Мағжандары ғазиз басын тігіп, бара алған, туған ұлты үшін жасаған кесек ерлік, қайсар әрекеттерімен қатар қоюға болар, тіпті, алаш ерлерінің аманатын жалғыз мойнына алғандай болып, бір өзі артындағы мың сан жұртының жігерін жанып, намысын сілкіп оятқан әрекетке алаштың өр ұланы Жұмабек Ахметұлының дәті барыпты! Оның Қазақстанның теріскей өңіріндегі, ең құйқалы, қазыналы бай алқаптарды – бес бірдей облысты аждаһаның аранынан жұлып алғандай болған іс-әрекеті мемлекеттік маңызы зор, ғасырлар тоғысында жасалар, мың жылдық жасампаз тарихымыздың ең жарқын беті ретінде ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып жете берері сөзсіз. Жоғарыда айтқанымыздай, ұлт абыройын көтеретін, жұртының қасиетін арттыратын кесек әрекет, ғасырлық ғаламат атандыруға лайықты ерлік дегеніміз осы!

Алаш рухының ешқашан өшпейтінін, ұлтымыздың мұрат-мүддесі мәңгілікке жалғасатынын, «жыланның үш кессе де, кесірткелік халі барын», отаршыл империялық үкіметке, оның ұрдажық «қолшоқпары»,

«алдымнан қорықпай қарсы шығар, қане, қайсың барсың!» дегендей астамсыған, өзін жалпақ дүниенің тетігі мен тұтқасын ұстап тұрған тежеусіз билеушісіндей көрген, көркеуде, доғал ойлы, дөрекі Н.Хрущевтың дөңайбатынан еш қаймықпастан дәлелдеген ұлтымыздың қайсар қаһарманы Жұмабек Тәшенов болғанын кеуде керіп мақтанышпен айтамыз. Алаш рухын жаңғыртып, сілкілеп оятқандай, қайта жан бітірген мұндай ерімізбен неге мақтанбасқа?! Өз кезінде ұлтының айбары мен намысының символдық бейнесіндей болып кеткен ол кісінің тұлғасын халық аңызға айналдырып жіберген. Ел арасында оны империя тұсында, еріксіз басы бұғауда, бағынышты күн кешкен, қысылтаяң, тар кезеңдегі ұлтының ар-намысына – қаһарманына балап, «кісендеулі жолбарыс» деп атап кетіпті. Бейбіт замандағы ұлы төңкеріске лайықты кесек әрекет, жанкешті қадамға барған Жұмабек Тәшенов тұлғасын, ерлігі мен азаматтық, қайраткерлік істерін Әлихан бастаған саналы алаш қайраткерлері ісімен қатар қоюға болар.

Қызмет баспалдағы

Жұмабек Ахметұлы Тәшенов Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Танакөл деп аталған шағын ауылда 1915 жылдың 20 наурызында қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келіпті. Көпбалалы шаңырақта өсуі оның көпшіл болуының, көптің қамын ойлап ержетуінің басты себебі. Ал Ахметұлы атануының да өзіндік сыры бар. Әкесі інісі Ахметте бала болмағандықтан, Тәшен ұлы Жұмабекті соның атына жаздырыпты. Бұл – қазақта ежелден жалғасып келген өнегелі, әрі ырымшыл салтымыз, еншісін бөліспеген, араға жік түспеуді діттеген, ажыраспас туысқандықты көздеген ізгі ниет. Ағайын арасындағы туыстыққа дәнекер болып өскенімен, Жұмабек Ахметұлы еркелікке бой ұрмаған, елгезектігімен, еті тірілігімен ерте көзге түскен. Әкесімен бірге, шаруаға көмекші қолғанат болып, 8-9 жасар кезінен мал бағысыпты. Дегенмен, қай жанашыр әке

баласын мал соңына салпылдатып салып қоюға құмар болсын, кеңестік саясат жаппай сауаттандыру ісін қолға алып жатқанда, ауылдың шағын мектебін тәмамдаған бала Ақмола құрылыс техникумына түсіп, 1932 жылы диплом алады. Осыдан кейін-ақ, арманшыл жастың алдынан кең дүниенің есігі айқара ашылғандай.

Ақиқаты сол, қарапайым шаруа адамының отбасында тәрбиеленіп өскен ұл коммунистік марксизм-ленинизм идеясын бетперде қылып ұстағанымен, оны іс жүзінде отаршыл империялық пиғылдан арылмаған сойқан жүйемен тайталасып қарусыз майданда арпалысқан шайқасқа толы, саналы ғұмырының соңына дейін созылған мазасыз күрес күтіп тұрды.

Иә, жоғарыда айтқанымыздай, әуелгі қадамында оқшау көзге түсерлік ісімен байқала қоймаған жас, қолына дипломы тиісімен бірден арғымақтың жалынан ұстағандай, тау қопарардай екпінмен іске кірісіпті. Түп-тура алаш қайраткерлеріндей ерте атқа қонып, 1934 жылы жас маман бірден Бейнетқор ауданы атқару комитетінің хатшылығына тағайындалған, әрі аудандық жер бөлімінің меңгерушілігін қоса атқарып, бұл қызметтерде 1939 жылға дейін болған. Техникумды жаңа бітіріп келген он тоғыз жастағы жігітке бір ауданның осыншалық жауапкершілігі жүктелген! Бес жыл осы қызметте аудандық деңгейде тәжірибе жинаған оның әрі қарайғы қадамы да таңдай қақтырады. 1939 жылы облысқа бір-ақ «қарғып», бұл жолы Ақмола облыстық жер бөлімі бастығының орынбасары болып тағайындалған. Осы кездегі 24 жастағы жігіт үшін бұл үлкен дәреже, сонымен бірге, оған деген басшылық пен халықтың сенімі, махаббаты ерте қалыптасқанының дәлелі деуге болар. Жұмабек Ахметұлының жас кезінен басталған қызмет баспалдағы бұдан былай да үздіксіз сатылап өсіп, көтеріле бергені – оның тек халыққа қызмет етуге, әрі бас болуға жаралған үздік қасиетін айғақтап отырғандай. Осы атқарған қызметтерінің баршасында тек абырой биігінен көрініп, еліне жанашырлығымен дараланған Ж.Тәшенов 1944–1947 жылдар

аралығында Солтүстік Қазақстан облысы партия комитеті хатшысының орынбасары, әрі мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушілігін қоса атқарған. 1947–1948 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары, келесі жылы төрағалығына сайланған. Ал 1952–1955 жылдарда Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған.

Жұмабек Ахметұлы 1955 жылы республика басшылығына дейін көтеріліп, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы болып тағайындалғанда, қылшылдаған қырық жасын ғана толтырыпты. Кейбір деректерде оның жасын отыз бесте деп көрсеткен екен, оның тұғырын көтере түсушілік ниеттен бе, әлде, кездейсоқ жаңсақтық па, кім білсін, біз салыстыра зерттеп пайымдама жасауға тырыстық, 1915 жылы туған жасымен есептесек те солай. Қалай десек те, қырықтағы азаматқа осыншалық ауқымды мемлекеттік қызметтің сеніп тапсырылуы – жеңіл жүк болмасы анық. Оның қарым-қабілетінің деңгейін айқындар әрі биік жауапкершілік, әрі жетістігі деп тануға тиіспіз. Әрине, қызмет сатылап жоғарылаған сайын, білім деңгейі де сәйкес келуі тиіс, жауапты орындарда жүрсе де, арасында сол 1955 жылы КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін бітірген. Осыдан кейін, 1960–1961 жылдар аралығында Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы болып сайланып, өз өмір жолындағы биік мансабына қол жеткізген.

Қарсылық

Дегенмен, мемлекеттік жоғары лауазымды қызмет жылдары Жұмабек Ахметұлының өз басы үшін тәтті бола қоймапты. Үнемі ат үстінен түспей, айға шапқан арыстандай, жалғыз өзі кеңестік отаршыл империямен жанқиярлық күреске түсіп жүріпті. Оның тұлғасын тек Н.С.Хрущевтың атымен ғана байланыстырып, көбінесе, сол шолақ ойлы басшымен шайқасқа түсіп, менменшіл, әумесер диктатордың ғана бетін қай-

тарғандай қылып көрсетіп жатамыз. Ал шын мәнінде, бұл айқас екеуінің арасындағы текетіреспен шектелмеген, ол жүгенсіз басшыны ғана ауыздықтап қоймай, бүкіл кеңестік империялық жүйеге қарсы шығып, мойындатқан. Мемлекеттік деңгейдегі маңызы зор, жоғарыдан бірауыздан қабылданған саяси бюро шешімін бұзуға күш-қуаты, жігері жеткен. Кремльде билік тұтқасын нық ұстап отырған, жоғары лауазымды компартия басшылығымен жалғыз шайқасқан қайраткер, Қазақстанның үлкен бес облысын аждаһаның аранынан сақтап қалған нағыз жүрек жұтқан ұлт батыры. Өйткені, бұл тың өлкелерінің Ресей Федерациясы құрамына өтуі – Кремльдің империялық өктемдікпен сырттай ұйғарып қойған, өзара алдын ала келісіп, шешіліп бітіп тұрған мәселе болатын. Енді тек формальды түрде, сол тұстағы қалыптасқан саяси екіжүзділікпен халықтың алдынан өтіп, заң жүзінде бекітілуі ғана қалып тұрған. Жұртымыздың өзегін өртер шешім қабылданғалы тұрғанда, оқыстан бас көтерген, бейбіт заманның Кенесары тектес тұлғасы, отаршылдықтың тұтас саяси жүйесімен жалғыз күрескен қарусыз майданның қас батыры Жұмабек Ахметұлы еді.

Ол кезде Кремль шешіміне қарсы шығу – марксизм-ленинизм идеяларына сүйеніп күшейген, дүниені тітіреткен коммунистік партияға қарсы тұрумен бірдей, ажалмен ойнағандай көзсіздік болатын. Ал коммунизм идеяларына қарсы күрескен алаш арыстарының тағдыры аян. Тіпті, жүздеген, мыңдаған емес, миллиондаған жанды ажал аузына арандатқан бұл соқыр идеяның залал-зардабы кімнің есінен кетер?! Бұл кезеңде, сталиндік зұлмат-репрессияның ызғары қайтпаған, қазақ арасы түгілі, бүкіл Кеңестер Одағының аясынан асып, дүние жүзі бұл қанды сойқанның дүмпуінен айықпаған, жарасы жазылмаған, елдің есін жимаған уақыты еді. Бүкіл әлемде болмаған мұндай жауыздық геноцидтен кейін, кеңестер елінде партия шешіміне қарсы бас көтеру мүмкін еместей көрінген. Кремльдің астамшыл басшылығы да осыған қатты сенімді болатын. Сондықтан, сол жолғы

Н.С.Хрущевтың аузымен айтылып, қабылдануға тиіс қаулыға Жұмабек Ахметұлының жанкешті қарсылығы Кремль басшыларына ашық күнде аспаннан найзағай ойнап, жай түскендей әсер еткені рас. Н.С.Хрущевта, оның серіктері де есінен танып қалғандай күй кешкен. Өйткені, жеме-жемге келгенде, олардың дегені орындалмаған, жоғары басшылықтың алдын ала дайындап келген қаулысы жарияланбай, партиялық шешім қабылданбай қалған, оларға жалғыз қарсы шауып, халқының қарсылығын жеткізген Жұмабек Ахметұлының батыл сөзі іске асқан!

Ұлт сенімі

Біздің пайымдауымызша, ұлт қаһарманына осындай жауапты шақта күш-қуат берген, өр кеудесіндегі лықсыған ар-намысының жарқ етіп, оянып, жасындай атылуына дем берген артында тұрған, қалың ормандай самсаған жұртының сенімі деп ұғамыз. Ол дәл осы сәтте тұтас халқының жауапкершілік жүгін сезіне білді, темірді қызған кезінде соқпаса, кеш қаларын, өзі ғана емес, сыңсыған ел-жұрты өкініште қаларын, өзі жалындап сүйген халқының қабырғасы қайысатынын жан-тәнімен түйсінді. Көзінің тірісінде-ақ халқы оның ісінен құлақтанып, сүйіншілеп, атағын асыра дабырайтып, гуілдетіп алып кеткен. Былай қарағанда, жалпы халықтың басылып, жуасып қалған, әр сөзіне қарауыл қойып сөйлейтін, саяси идеологияның қысымына шырмалған кезең болса да, ел түбінде, арасынан алаш намысын сілкіндіріп, оятып, көкке көтеретін бір ер шығарын аңсап күткен сыңайлы. Еңсесі түсіп, қабырғасы қайысса да, ешқашан арманын өлтірмеген ұлағатты ұрпақ бұл күннің туарына әрқашан сеніп келген.

...Көзімен көрген жұрттың куәлік етуі бойынша, сол кездегі республикамыздың басшысы Д.А.Қонаев пленум аяқталған соң, Ж.Тәшеновтің қолын қысып: «Жұмеке, нағыз батырсыз ғой, жүрек жұтқан жолбарыс екенсіз!» – дей беріпті басын шайқап, ризалығын қалай жеткізерін білмей. Деген-

мен, «ақылы кемнің кекшіл келетіні» рас екен. Н.С.Хрущев осыдан кейін Тәшеновке қатты өшігіп, азуын басып, қыр соғына түскен. Ақыры, қоймай жүріп орнынан алдырған. Әділеттілік үшін айтпай кетуге болмас, оның орнынан алынуына республика басшысы Д.А.Қонаевтың еш қатысы болмаған. Ол кісі, керісінше, ара түсіп, жоғарыдағылардың алдында Жұмабек Ахметұлының іскерлігін, әсіресе, халық арасындағы абырой-беделінің жоғарылығын айтып, орнында қалдыруын сұраған. Бірақ, биліктің аты – билік, «күштінің арты диірмен тартады» дегендей, сол күнгі тарихи тайталас қайран ерге қымбатқа түсіп, жоғары лауазымды қызметінен алынып тынған. Дінмұхамед Ахметұлының арлылығы да сол шығар, орнынан алынып, өр кеудесі басылғандай, рухы түскендей болған серіктесіне: «Жұмеке, сізді қорғай алмай қалдым-ау!» – деп қынжылғанда, асыл азамат қыры сынбастан, қайта, керісінше, оның өзін жұбатқандай болып: «Екеуміз бірдей кеткенде қазақ жері не болар еді? Одан қазақ ұтар ма еді?» – деген екен. Бұл сөздің де маңызы зор деп ойлаймыз, біріншіден, бұл сөзі арқылы ол, қарақан басының мүддесінен елінің мүддесін жоғары қойғанын аңдатып тұр, екіншіден, келешекте Д.Қонаевтың өз иығында халқының батпан жауапкершілігі қалғандығын арнайы баса ескерткендей.

Былай қарағанда, Ж.Тәшеновтің республика басшылығында болған уақыты көп емес, 1955–1961 жылдар аралығындағы бесжылдық кезең ғана. Ал осы аз уақыт ішінде ел тарихында алтын әріптермен жазылып, мәңгілік сақталып қалатын қаншама іс тындырған. Меніңше, еліміздің қайта сарапталып, сүзгіден өткізілуге тиісті, әділетпен ақиқатқа ғана негізделетін шынайы тарихында Жұмабек Ахметұлының ұлы да жасампаз істері мен ерлігі де алаш арыстарының қатарында қасиет тұтылып, парасатпен пайымдалып, тарихи шежіреміздің бетінен орын алуы тиіс.

Егер санамен салмақтап, сараптар болсақ, Жұмабек Ахметұлының ерлігі сол жолғы дүбірлі оқиғамен ғана өлшенбейді, бұл оның

бір ғана сәтте лықси көтерілген жалқы әрекеті емес, біраз жылға созылған шовинистік империямен күресінің бір тармағы ғана деуіміз керек. Бес облысымызды аман алып қалған оқиға, әрине, солардың ішіндегі сөз жоқ, ең ірісі, ең көрнектісі, әрі аса маңыздысы болып қалмақ.

Жымысқы саясат

Қазақстан жерін бөлшектеу – Н.Хрущевтің жеке ойластырған мүддесі деу ағаттық, бұл Кремль басшылығының ертеден қарастырып келген жоспарлы ісі екендігі анық. Тура-сын айтқанда, кеңестік большевизм билікті қолына алғаннан-ақ теңдік, бостандық, бірлік, ынтымақ деп ұрандатқанымен, іс жүзінде бәрі өзгеше өрістегені белгілі. Одақтас республикалар тең праволы біртұтас мемлекет құрап отыр деп бүкіл дүниеге жар салғанымен, қоғамдық ахуал түбегейлі өзгеріп, теріс бағытқа бет түзеді, жағдай мүлде басқаша қалыптасты, ресейлік мүдде алдыңғы орынға шықты. Ресей аумағы ғана кеңейтіліп, өзге республикалардың оның көлеңкесінде қалуы көзделді, айқайлатып, жария етпесе де, ешқандай ел отарлаушы империяның алдында кесе-көлденең тұрмауы тиіс болғандықтан, өзге одақтас республикалардың күшейіп, бел алып кетпеуі қарастырылды. Осы тұрғыдан, Кремль билігі тізгінін ұстаушыларға Қазақстанның жері тым артық болып көрініп, оны ыдыратып, бөлшектеу мәселесін терең ойластырды. Сондықтан, жымысқы саясатпен, қазақ жерін тек Ресейге қосып бермей құйтырқы пиғылмен Маңғыстау облысын Түркіменстанға қосудан бастамақшы болған. Большевиктік отарлау жоспарының басы дерлік осы тұста да Жұмабек Ахметұлы айрықша белсенділік танытып, мұның іске асуына жол бермеген.

Отаршыл пиғыл еш уақытта тоқталмаған сияқты, осындай кеңестік саяси ахуалдың өршіген уағы Өзбекстанмен байланысы өрбіген. Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін Мақтаарал, Бостандық аудандарын ала тақиялы ағайындарға жомарттық жа-

сап, берілмекші болған тұста да Ж.Тәшенов бұл шешімге өреки қарсылық танытыпты. Кремль бұл шешімдерін мұнайлы аймақтар мен мақталы аймақтарды біріктіру мүддесінен деп түсіндірсе керек. Сондай-ақ, тың өлкелерін Ресейге қосудың да қилы-қилы қитұрқы себептері мен қисындары алға тартылып, ол Н.С.Хрущевтың өктем қоқан-лоққы көрсеткен, дөрекі долбарларымен жарияланып отырған. Коммунизм идеяларымен «мұздай қаруланған» компартия басшыларының осы астамшыл белден басқан әрекеттерінің бәрінде де, алынбас қамалдай болып, көлденең жатып алған қазақтың қайсар ұланы – Жұмабек Тәшенұлы болғанын қазір айту оңай шығар. Ал ол кезең үшін, бұл тілмен айтып жеткізгісіз өжеттік, ажалдан қаймықпай қарсы тұрғандай көзсіз батырлық болатын.

Біз жоғарыда «кісендеулі жолбарысқа» күш берген артында тұрған халқы екенін айттық. Дегенмен, сол тұстарда азуын айға білеген компартия басшылығын тайталас дау-жанжалдарда сүріндіру үшін, бетпе-бет келген айтыста үстем түсуге, үлкен күш-жігермен қоса, асқан өжеттілік, қайсарлық өз алдына, жан-жақты білім, әсіресе, марксизм-ленинизм идеясын жетік білу қажет еді. Ал сол тұстарда Ж.Тәшеновтің осы мәселелердегі жүйріктігі, сұңғыла сарапшылығы оның ортасын ғана емес, Кремль айналасын да талай жерде тәнті етіпті. Тіпті, кейін оның идеялық қарсыласына, қас жауына айналған әулекі Никита Хрущевтің өзін қысылғанда, тығырықтан алып шыққан оқиғасы да болған.

Маоның мойындауы

Бір жолы, Қытайға барған сапарда Н.Хрущев бастаған КСРО делегациясының құрамында Ж.Тәшенов те болған. Оларды Қытай басшысы Мао қабылдап, әңгіме ретімен өз елінде коммунистер санының ұлғайып, өсіп бара жатқанын айтып мақтанып, таразының салмағын аударып басқанға ұқсайды.

Билік иелерінің арасында бір-бірін аңдысқан, іліп-қаққан полемикалық тартыстың жүрегі заңдылық. Осы жерде біздің мемлекет тарапынан, үкімет басшысы араласуға тиіс жағдайда, әшейіндегі менменшіл өркеуде, даурықпа, есерсоқ кеңестік билеуші, сын сағатта көмейіне құм құйылып, үндей алмай қалыпты. Саяси білігінің таяздығы, өріс аясының тарлығы аңдалып қалған. Сол кезде жағдайды ұшқырлықпен барлап үлгерген Жұмабек Ахметұлы сөзге араласып: «коммунизм идеяларының ең алғашқы бастау алып, дамыған елі – Кеңес Одағы» екендігі туралы, елдегі компартияның күшті жетекшілік ықпалы туралы жүйелі түрде тоқталып айтты беріпті. Бұған өзге түгілі, Маоның өзі риза болып, советтік коммунистердің дүлей басшысынан гөрі, Ж.Тәшеновке ықыласы ауып кетсе керек. Қоштасар сәтте, делегация басшысы Никита Сергеевичті көзіне ілмей, Ж.Тәшеновті қолтығынан демей ұстап, қақпайлай бере, фотографты шақырып, ескерткіш суретке де түскен.

Әрине, алып Қытайды ұзақ жыл басқарған Маоның да бетқаратпас, өр-көкірек, астамшыл билеуші болғаны белгілі, оның осы жолғы Жұмабек Ахметұлына оң көзқарасы мен айрықша ықыласы совет делегациясы үшін, бұл сапардың нәтижелі аяқталуының белгісіндей болып қалған. Бұл арада біз ұлтымыздың мақтан тұтар қайраткерінің халықаралық қарым-қатынас сәттеріндегі сұңғыла саясаткерлігін, жүйрік ойлы аңғарымпаздығын, сонымен бірге, нәзік дипломатиялық шеберлігін де айқын танимыз. Және ең бастысы – ол өз ұлтының ұлы, туған халқының өкілі ретінде танылған тұлға. Қытайдағы ұлт көтерілісінің қаһарманы Оспан батыр: «Қазақ үшін шайтанмен де тіл табысуға барамын» деген екен. Қайран ер, халық тағдырын шешуде тек жалаң қылышқа сүйене бермей, мәмілегершіліктің маңыздылығын жақсы түсінген...

Соңғы мүмкіндік

Жұмабек Ахметұлының осындай үздік қасиеттеріне өзге тұрмақ, әулекі билеушінің

де көзі әбден жеткенге ұқсайды. Қытай сапарынан ораларда, Н.Хрущев ризалығын жасыра алмай, Ж.Тәшеновтің қолын қысып тұрып: «Сіз нағыз коммунист екенсіз ғой» депті. Ол кезең үшін, қазір қанша жерден қаралап, баттастырып, күйе жағып көрсетсек те, білдей бір мемлекет басшысының бұл мойындауы – үлкен абырой.

Бірақ, бұл жерде, шолақ өрісті патшайым түйгендей, мәселе оның «коммунистігінде» емес, оның ізденімпаз біліктілігінде, саяси сауатының жоғарылығында, әрі осындайда үлкен билік иесіне ауадай қажет полемикалық айтыс-тартысқа жүйріктігінде, мемлекеттік лауазым иесіне лайықты жан-жақты қабілеттілігінде болса керек. Осыдан кейін, тіпті, көп жиындарда, пленумдық мәжілістерде Жұмабек Ахметұлын өзгелерге үлгі қылып, атап айтқан кездері де болыпты.

Бірақ, бұл амалсыз мәжбүрліктен туындаған, солқылдақ сыйластық көпке созылмаған, арада аз уақыт өтпей, Ж.Тәшеновтің мемлекеттік мәселелер тұсындағы берік ұстанымы, әсіресе, өз республикасының территориясына қатысты компартия шешімімен қасарыса қарсыласуы, сол тұста ешбір жан тіресуге жарамай, тайсақтайтын өзіне осы, қайдағы бір қазақтың «жынына тиіп», бетінен ала беруі – Хрущевке мүлде ұнамағаны былай тұрсын, азуын басып өшіккені, қыр соңына түсіп алғаны аян. Сол Қазақстан жерін бөлшектеу туралы атышулы айтыс-тартыстар ушығып, шиеленісе түскен уақытта да, Жұмабек Ахметұлы одақтық компартияның бюро пленумдары мен мәжілістерінде таңдай қақтырар қайсарлық пен өжеттіктің, білімпаздықтың кемел өнегесін танытыпты. Н.Хрущевтің өзін тәубесіне түсіріп, бетін қайтару, санасуға мәжбүрлеу оңайға түспегені анық.

Кремль шешімі жарияланып, енді мақұлдануы ғана қалып тұрған айтыс-тартыста, сөз Ж.Тәшеновке берілген. Бұл арада, бәрібір жоғарының шешімі қабылданатыны күмән тудырмаған, оған ақырғы сөз тек партиялық сыпайыгершілік үшін ғана берілгенге ұқсайды. Болмаса, Н.Хрущев

бастаған топқа партия шешіміне қарсы келе алмай, жүні жығылған, жер болып жеңілген Ж.Тәшеновтің төменшіктеген, қор болған түрін көру қызық болып көрінді ме, кім білсін?.. Ал, қайран сабаз өзіне берілген соңғы мүмкіндікті қалт жібермеген, орнынан атып тұрып, бюро мүшелеріне қырғидай шүйіліпті: «Сіздер неге коммунизм идеяларын бұзып шешім қабылдайсыздар? Мен бұл мәселенің шешілуі түгілі, күн тәртібіне қойылуына қарсымын» – деген. Әрине, билік басындағылар өре түрегеледі, әрине, неге бұлай деген сұрақтар қойылады. Сонда, қазақ қайраткері саспай: «Себебі, сіздер таратып бергелі отырған жерде біздің ата-бабамыздың сүйегі жатыр. Олардың ежелден қазақтың тарихи жерлері екендігіне басқа қандай дәлел керек? Мынадай шешімдеріңізбен ешбір қазақ келіспейді!» – деп мәселені төтесінен бір-ақ қайырған. Сірескен партиялық бюрократиялық жүйе де, әрине, қасарыса қарсыласады, олардың қайрауымен қаһарына мініп, зілденген Н.Хрущев орнынан атып тұрып қолын оңды-солды сермеп, біресе, президиум столын жұдырықтап: «Орталық партия комитетінің шешіміне қарсы шығатын сен кімсің өзі? Біз саған сенім білдіріп, республиканың басшылығына дейін көтердік, ал сенің айтып тұрғаның мынау», – деп жеп қоярдай өршеленеді. Жұмабек Ахметұлы өзіне тән байсалдылықпен, қасқиып тұрып: «Еліміздің Конституциясында «әрбір республиканың жері – оның бұлжымас меншігі» делінген. Сонда сіздің Кеңестер Одағының Конституциясына қарсы шыққаныңыз ғой. Егер мемлекеттік Конституция талабы бұзылатын болса, біздің халықаралық ұйымдардан араша сұрауға қақымыз бар» – дей отырып, жер туралы қабылданған лениндік декрет қаулыларын алға тартады.

Осы тұста Мәскеу басшысы не айтарын білмей тұқырады. Бірақ, жеңіліп қоя салуға тағы болмайды. Содан өршеленіп: «Не істеу керектігін біз сенсіз де білеміз, қай республикаға қандай жер беруді Орталық Комитет шешеді, біз сенен сұрамай-ақ шешім қабылдай аламыз», – деп партия атынан дөңайбат көрсеткенімен, саяси бюро мүшелері алдын-

да даусы бәсеңдеп, берекесі кетеді. Бұл кембағал басшының оңбай жеңіліс тапқанын дәлелдегендей. Көзкөргендердің естелігі бойынша, айтулы оқиға барысы осылай өрбіген.

**«Егер қазақ халқы
бір ұлына қарыздар
болса, ол –
Ж.Тәшенов!»**

Турасын айтқанда, сол жолғы Жұмабек Ахметұлының табандылығы мен қайсарлығы, жағдайды тез барлап үлгеріп, инициативаны батыл қолға алып, осындай маңызды тайталасты дәлелді уәжбен ұтпаса, баяғының билерінше саңқылдап, жерімізге араша түсе алмаса, Кремль басшылығының шешімі бұлжымай қабылданатыны айдан анық еді. Осы еліміз үшін маңызы зор оқиға барысына куә болған, кезінде Қазақстанды басқарған қайраткерлердің бірі, ұйғыр ұлтының перзенті Исмаил Юсупов Жұмабек Ахметұлының сол кездегі жарқылдап көзге түскен, елі үшін шырылдаған ісі мен ерлігіне, бетқаратпас жігері мен өжеттігіне таңданысын жасыра алмай: «Егер қазақ халқы бір ұлына қарыздар болса, ол – Ж.Тәшенов!» деген екен. Бұдан асырып қалай айтуға болады? Өзге еңбегін айтпағанда, Қазақстанның бес облысын аждаһаның көмейіне жұтылып бара жатқан жерінен жұлып алғандай болып, аман сақтап қалған ерлік ісіне осындай зор баға беруге тарлық жасап, іштарлық көрсетуіміз де дұрыс болмас! Қазақтың марғасқа перзенті көп, бірақ, бәрін біртуарға баламаспыз, әрқайсысының осылай тұғырын көтеріп, даралай бермеспіз-ау!

Бұл пікірдің әділетке жақындығы сол, өзге ұлт өкілінің аузымен айтылып, мойындалып отыр. Егер өз аузымыздан шықса, әдеттегідей қазақы жайдақ мінезбен, бұл – бұра тартушылық, жершілдік пе, жікшілдік пе, әйтеуір бір, әлдеқалай мінәйі себеппен іштарту деп қабылдай салуымыз әбден мүмкін...

Нар тәуекел

Осыдан кейін кекшіл басшы өзін компартияның алдында масқаралап, абыройдан жұрдай еткен қазақ қайраткерінің соңына шам алып түскен. Қолдаушысы – компартия болса, қайдан оңдырсын? Ақылы келтенің кесапаты аз бола ма, ақыры, діттеген мақсатына жеткен...

Айтпақшы, «әулекі орыс патшасының» Қазақстанда да тілеулестері, аузынан шыққанды қалт еткізбей орындайтын «қолшоқпарлары» аз болмапты. «Кісендеулі жолбарыс» атануына солардың тигізген «септігі» аз болмаса керек. Қазақстандағы оның «жансыз шпионы», Орталық Комитеттің ашық сойылын соғушылардың бірі, Тың өлкелік партия комитетінің басшысы Т.Соколов болыпты. Бір жолы осы шовинистік пиғылдағы басшы республика билігіне бағынбай, сірә, бюджетті бөлу, орнымен жұмсау мәселесінде тек мәскеудегілермен ғана санасып, солардың бұйрығымен әрекет еткен. Осыған қатты наразы болған Жұмабек Ахметұлы бірде Алматыдан тың орталығы – Целиноградқа ұшып келіп, шұғыл мәжіліс ашқан. Әрине, Соколовтың жоғарыдағы жарылқаушыларының демеуімен күшейетіні түсінікті. Мұны іштей жақсы біліп, желдің қай жақтан соғып тұрғанын сезсе де, ол мәжіліс үстінде тың өлкесінің басшысын жерден алып, жерге салған: «Жолдас Соколов, келер жылдың бюджетін неге бөгеп отырсыз, Қазақстанға бағынғыңыз келмесе, 24 сағаттың ішінде бұл жерден табаныңызды жалтыратыңыз. Есіңізде болсын, тың өлкесі ешқашан да Ресейге берілмейді. Ана жақтағы бастықтарыңызға да осыны жеткізіңіз...» – деген. Әрине, жеткіз демесе де, бұл сөздердің заматта жоғарыға баяндалары анық. Осының бәрі «әулекі Никита патшаның» жынын қоздыра түскен.

Осы Соколов сияқты, Ж.Тәшеновтің соңына салып қойған Н.Хрущевтің жандайшаптарының бірі өзінің бірінші орынбасары Ф.Козлов болған. Ж.Тәшеновтің республикада үкімет тізгінін енді қолына алған 1961

жылы, қыстың қаттылығынан, еліміздің солтүстік, орталық облыстарында жем-шөп жетіспеушіліктің салдарынан мал қырыла бастапты. Осы кезде бар жауапкершілікті мойнына алған Ж.Тәшенов мемлекеттік бөлінбес қордан облыс, аудандарға көмек таратқызып береді. Сөйтіп, жаппай белең алып бара жатқан жұттың бетін қайтарған. Іс жүзінде осылай бола тұрса да, мұндай әрекет Мәскеудің араласуынсыз, тікелей рұқсатынсыз қылмыспен пара-пар бассыздық саналған.

Қарап отырсақ, Тәшеновтің әр қадамы осындай оқыс шешім мен әрекетке толы, қайран ер үнемі нартәуекелмен қызмет атқарған. Сол жолы да Кремль оның бұл «бассыздығын» елеусіз қалдырмай, кезектен тыс Министрлер кеңесін шақыртып, біраз «сілкілесе» керек. Түптеп келгенде, оларға керегі – қазақ малының аман қалуы емес, осындай қолайлы мүмкіндікті пайдаланып Ж.Тәшеновті «тәубесіне келтіріп алу» болғаны түсінікті. Козловтың: «Мемлекеттік қорды таратуға кім рұқсат берді? Өз бетіңше шешім қабылдайтын сен кім едің?» – деуі сондықтан. Ал Ж.Тәшенов еш саспастан мінбеге көтеріліп: «Қазақстанның өз байлығын өзі жұмсауға құқығы бар. Оның үстіне, республикада кезек күттірмеген шұғыл апаттық жағдай орын алды. Ол қорды осындайда пайдаланбағанда, енді қашан?» – деп өздеріне кінә артып, нақты дәлел-аргументтер келтіре отырып, өзін түтіп жердей сайланып келген президиум мүшелерінің аузын ашқызбай, жеңіп шыққан.

Ж.Тәшеновтің қарым-қабілетінің мол екенін жақсы білсе де, Н.Хрущев оны біржола тұқыртып, жер қылуды ойлап, қызмет дәрежесін төмендетіп, 1961 жылы Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына тағайындатқан. Сірә, қас жауының рухын сындырып, жүні жығылған, дәрменсіз қалпын көріп, айызын қандыруды ойлаған. Үлкен қайраткердің халық алдындағы беделін түсіріп, республиканың жоғары дәрежелі басшысын осындай жолмен қорлағысы келсе керек. Бірақ, кемақыл басшының өкінішіне орай, Тәшеновтің абыройы бұрынғыдан да биік-

тей түскен, оның империялық өктемдікке қарсы көрсеткен қайсар іс-әрекетінен хабардар болған тілеулерестер дүниенің әр қиырынан табылып, хабарласып, оған зор қолдау білдірген. Ең бастысы, өзі қызметке барған шымкенттіктер ортасы оны үлкен қуанышпен қарсы алыпты. Ол кездегі Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығын В.Ливенцов атқарыпты. Әділет үшін айтуымыз керек шығар, бұл кісі Жұмабек Ахметұлына деген ел ықыласын көзімен, мойындауға мәжбүр болған. Ол 1964 жылы Мәскеудің арнайы жіберген өкілі қатысып отырған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мәжілісінде: «Н.Хрущев Жұмабек Тәшеновтің намысына тимек болып, қызметін төмендетіп, бізге облатком төрағасының орынбасары етіп жіберсе де, ол өзінің таңғажайып қабілетінің арқасында Оңтүстік Қазақстан аумағында ең құрметті адам болып отыр» деп мәлімдеген. Сірә, Мәскеу өкілінің көбірек білгісі келіп отырғаны да, осы мәселе болса керек.

Қайраткер

Жұмабек Тәшеновтің еңбегін тек бір қырынан өлшеп баға беруге болмайды. Оның елі мен жері үшін шырқырап, атқарған сан-салалы қызметін, ұлтына сіңірген еңбегін түгел тізіп шығу мүмкін емес. Біз соның ең бастыларына ғана тоқталған секілдіміз. Мәселен, оның жоғарыдағы ісі арқылы Н.Хрущев бастаған кеңестік биліктің Қазақстанды сынақ алаңына айналдырмақ болған, өз тарихындағы өрескел қателікке жол берген оспадар шешіміне тосқауыл болғанын неге таратып айтпасқа? Сол кездегі Кремль билігі ұйғарған, 1954 жылы, қаңтар-ақпан пленумының шешімі бойынша қазақ даласының 6 млн 300 мың гектар жері игерілуге тиіс болған. Бірақ, осы қабылданған шешімнің орындалуы дөрекілікпен жүргізілген, яғни, келер жылы бұдан екі есе, 18 млн-нан астам жер игерілсе, 1960 жылдарда бұл көрсеткіш 24 млн гектарға жеткен екен. Сол кезде, «Қазақстан миллиард пұт

астық тапсырып, жоспарын асыра орындады!» деп даурықтырып, Көкшетау, Қостанай сияқты астықты облыстардың үздік көрсеткішін дабырайтып жатқанда, мұның кері ықпалы ешкімнің ойына келмеген. Кремльдің даңғаза ұранына көміліп қалғанда, мұның жөнсіздігін ең алғаш көре білген, және ел экономикасына кері әсер ететін тиімсіздігін, жан-жақты қарастырылмаған, түбегейлі терең зерттелмеген, болашағы жоқ шешім екендігін батыл қозғай алған да жалғыз Ж.Тәшенов болған. Асыра сілтеушіліктің ақыры неге соққаны белгілі. Сондай-ақ, Жұмабек Ахметұлының табандылығы мен қайсарлығы болмаса, республикамыздың үштен бір бөлігінен, Сарыарқаның бес бірдей облысынан, яғни, 564, 4 мың шаршы шақырым жерінен айырылар едік. Сол қиын кезеңде қазақ жерінің ұлтарактай бөлігін сақтаудың маңызын терең түсіне білген бірден-бір қайраткер – Ж.Тәшенов.

Жалпы Қазақстандағы кез келген жағдай оның назарынан қағыс қалмаған, ұлтының жан ауыртар тағдырына ешқашан немқұрайды қарамаған. Қазақ жерінде ең алғаш рет ядролық жарылыс жасау мәселесіне қарсы шыққаны өз алдына бір тарих. Ал Ж.Тәшеновтің әдебиетіміз бен мәдениетімізге сіңірген еңбегі – арнайы тақырып өзегі. Елін сүйген азамат қазақ өнері мен мәдениетінің, тілі мен әдебиетінің өрістеуіне өлшеусіз еңбек сіңірген. 1956 жылы Коммунистік партияның жиырмамыншы съезінде сталиндік репрессия құрбандарын ақтау туралы маңызды мәселе көтерілгенде, Ж.Тәшенов осы дүрмекті пайдаланып қалуға бел шешіп кірісіпті. Әрине, орталықтың қазақтың таңдаулы тұлғаларына сол кездегі көзқарасы белгілі, мүмкіндігінше, жарыққа шығарғысы келмегені анық. Жұмабек Ахметұлы Қазақстанда ұлт әдебиеті өкілдерінің ақталуына тікелей ықпал еткен, оның белсене араласуымен С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиндер әдебиетімізге қайта оралып, інжу-маржандай еңбектері көп тиражбен басылып, халқымыздың баға жетпес байлығына айналған. Сондай-ақ, ол репрессия жылдарында «ұлтшыл» деп айыпталып, жазаға іліккен Е.Ысмайылов,

Е.Бекмаханов, Х.Есенжанов, Б.Сүлейменов, М.Қаратаев, З.Шашкин, Қ.Бекқожин сияқты біраз қаламгер, ғалымдардың ақталып, түрмеден босатылуына жәрдемдескен. Кейде осындай ауқымды істер өздігінен шешіліп жатқандай атүсті сөз қылып өте шығамыз, ал, сол қаратүнек бұлт басқан кезеңде, шын жанашыры, жоқтаушысы табылмаса, мұндай мәселелердің жабулы қазан жабулы күйінде қалып келгендігін ұмытпайық. Мұндай күрделі азаматтық, адамдық істерді біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды, бәрібір жарқ етіп, көгімізге көтеріліп, қайта жаңғырары сөзсіз.

Қазақ басылымының жанашыры

Осы кезеңдерде қазақ баспасөзінің мүшкіл хал кешкендігі белгілі. 1958 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің ұлтшылдық бағыты туралы мәселе көтерілген. Бұл – сол кездегі саяси идеологияның ең басты, «жанды жері». Қарап отырсақ, большевиктік үкімет өзінің жетпіс жылдық ғұмырында қазақ ұлтшылдығының өрістемеуін қатты назарда ұстап, мейлінше қадағалап отырған. Мұндай маңызды жиындарға міндетті түрде Мәскеу өкілі қатысуы шарт болған. Осы бюрода газеттің ұлтшылдық бағытын жою әрекеті қарастырылған. Ең алдымен, газет ұжымы мен басшылығының пікірі тыңдалатын болғанда, Шәріпов деген тәжірибелі газет журналисі, сірә, арнайы тапсырма алған, сөз сұрап алып, бұл газетті «Социалистік Қазақстан» газетінің қосымшасы ретінде шығару тиімді болады деген ойын айтқан. Соны естіген Ж.Тәшенов ашуға булығып орнынан атып тұрып: «Бұл газетті ашқан да сен емес, жабатын да сен емессің!» – деп бетін қайырып тастаған. Сол кезде газет редакторы, белгілі ақын Сырбай Мәуленов болған. Жұмабек Ахметұлы оған түйіле қарап: «Сенің ойың қалай?» – деп сұрап, ақынның жалтақтаған түрі ұнамай қалған соң, іле-шала: «Мәймөңкелемей, ойыңды ашық айт! Газетіңді қорғамайсың

ба?» – депті аузына сөз салғандай. Қысқасы, жабылудың сәл-ақ алдында тұрған газетті сақтап қалған. Дәл осы жылы, Ж.Тәшенов Мәскеуде қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігін өткізу мәселесін қолға алып, ұйымдастырған. Сонау 1936 жылы атақты Жамбыл атамыз, С.Сейфуллин, М.Әуезов сияқты әдебиет алыптары мен Күләш, Шара, Қалибек, Иса сияқты өнер майталмандарының қатысуымен зор табыспен өткізілген онкүндік, арадағы аласапыран, соғыс жылдарында тоқталып қалғанда, осы игі дәстүрді жаңғыртқан. Осы онкүндікте Мәскеудің талғампаз жұртының алдында ең алғаш өз өнерімен танылған бес дарынға КСРО халық әртісі атағын бергізген. Көптеген ұлт зиялыларына, ақын-жазушыларға, ғалымдарға жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп арнайы үй бөлгізген. Осы істерінің бәрі Мәскеу билігінің ашу-ызасын тұтатып отырған. Осындай ғажайып ерен істері Н.Хрущев сияқтылардың көзіне шектен шыққандық болып көрініп, «ұлтшыл» деген айып тағылған...

Бейбіт өмірдің батыры

Әрине, қанша қоғамның әділетсіздігін айтсақ та, игілікті істің ешқашан құны түспейді, олардың есімін халық жүрегінен ешкімнің жұлып тастай алмайтыны анық. Саяси идеологияның қысымына қарамастан, Жұмабек Ахметұлы туралы өз кезінде де әділетті пікірлер көп айтылыпты, жазылыпты. Халықтың барометріндей болған Бауыржан Момышұлы бір жиында: «...Жұмекең қан майданда етігімен су кешпесе де, бейбіт өмірдегі сұрапыл айқасты жүрегінен өткізген адам. Бұл кісі – бейбіт өмірдің батыры. Біле білсеңдер, төбелеріңе көтеретін азаматымыз» депті. «...Маған керегі лауазым емес, қазақ халқының бірлігі мен тұтастығы. Ол арманыма жеттім. Елім, жерім орнында!» деп Жұмабек Тәшенов. Елге қызмет етіп жүрген әр азамат осындай мұратпен, ізгілікпен ғұмыр кешсе, арман бар ма?!

АДАМЗАТҚА ЖЕТПЕЙ ЖАТҚАНЫ – ЗАҢ ЗАМАНЫ

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкердің бірі Кәкітайдың шын есімі Ғабдұлхакім (1869–1915). Абайдың інісі – Ысқақтың баласы, ата-анасы еркелетіп Кәкітай деп атап кеткен, Абай оны 1882 жылы өзіне бала етіп алып, ұлы Мағауиямен бірге тәрбиелеген. Осы Кәкітайдың 1909 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан Абай өлеңдерінің тұңғыш жинағындағы «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты мақаласында Абайдың өмір жолын түзу, дұрыс зерттеуге негіз болар бір құқықтық дерек жүр. Кәкітай дерегін «Құқықтық дерек» деп ерекше үкілеп отырғанымыздың себебі де оның бір сөзінде тұр. Дәлел ретінде Кәкітай сөзін зерттеуге алалық: «Абай 15 жаста-ақ балалық қылмай үлкендерден білімі артып елді аузына қаратып, басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып, әкесіне үлкен көмегі тиген».



Марат АЗБАНБАЕВ,
отставкадағы судья

Абайдың басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылуы, әкесі Құнанбайға көмектесуі заман мінезінің шындығынан шыққан еді. Әке мен бала ғұмыр кешкен заман мінезінің шындығын Ресейдің «Устав о Сибирских киргизах» заңы ашып береді. 1822 жылдың 22 шілдесінде бекітілген бұл Уставтың Абай мен Құнанбайдың төрелерімен күресіне қандай қатысты бар? Бұл сауалға тиісті жауапты олардың ата-тегінің тарихынан табамыз. Кәкітай айтпақшы, Абайдың әке тұқымы Тобықтыға басшы болған, би болған белгілі атасынан еді. Үлкен атасы Ырғызбай 1750 жыл шамасында Ырғыз деген өзенде туған екен. Халқының қолбасы батыры һәм биі. Тобықтыны аз уақытта Түркістан жағынан елін бастап ауып келіп, осы Шыңғыс тауын мал бағуға аса жарамды жер деп орын қылыпты. Онан соңғы атасы Өскенбай би халық ортасында «Әділ би» атанып, бөтен алыс елдің адамдары да орталарындағы үлкен дауларына сол кісіні іздеп келіп, жүгініп, билік айтқызып, бітімге келіп қайтады екен. Кәкітай Өскенбайды «Әділ би» деп келтірген дерегін 1822 жылғы Устав нормалары да бекітеді.

Негізінде, Уставтың дүниеге келуінің себебін дұрыс анықтап алсақ, біз Абай өмір сүрген заман мінезінің шындығын табамыз. Қазақ әдебиетінде заман бетін ашар сөздер жеткілікті, мысалы «зар заман», «сұр заман», «тұл заман», «нұр заман», «тар заман». Біздің пайымдауымызша, адамзатқа қазір жетпей жатқаны – заң заманы.

Халықтың, мемлекеттің тағдыры адам мінезіне тәуелді екені талай айтылған. Әлімсақтан дүниені билеп келе жатқан адам мінезін бұзатын іс: «басына һәм өзіне өзгешелік бермек». Абай айтпақшы, адам мінезін бұзылмаудан сақтайтын мінездің атауы – «жұртқа бірдей закон». ХХІ ғасырдың тілімен айтар болсақ «жұртқа бірдей закон» дегеніміз – заңдылық пен құқықтық тәртіп. Ойымызды түсінікті қылып жеткізу мақсатында «заңдылық пен құқықтық тәртіп» ұғымын Абай үлгісімен талдап көрелік. Құдай тағала адам баласын «өссін, өнсін» деп жаратқан. Осы өсіп-өнуге бастар

құқықтық жол – тыйым: «ешкімге қас сағынбастық һәм өзіне өзгешілік бермектен бас тарту». Қастық қылу, қор тұту, кемсіту құралдары байырғы сол – тіл мен қылық. Тіліңе тыйым, қылығыңа тұсау сал! Атын атап, түсін түстеген қағидалардың барлығы да ежелгі ережелер болғанмен, адамзаттың, қанша талаптанса да, тыныштық пен татулыққа қолы жетпей келеді.

Біз адамзат адасуының сырын Ресейде 1822 жылы «Сібір қазақтарын басқару жөніндегі» жарлықтың мән-мазмұны арқылы ашып берелік. Ақ патша Александр І-дің бұл Указы көрші елді шауып алған соң, жұртын бодан қылып, өкіметін қолына тартып алу қажеттілігінен дүниеге келді. Арғы атасы Пётр І-дің қалдырған: «Шақ келер біздің елге жан жоқ, жер жүзін жеке билеп алмақ жолда, мына Қазақ елі ар жақтағы Азия мемлекеттерімен сауда айналымын кеңейтудегі қақпа мен кілт, сондықтан амал, айла тап, отарла, айнала қамал сал» деген аманаты орындалып, өздерінің дәстүрлі отарлау саясатындағы «Бөліп ал да, билей бер» принципіне ауысып, қазақ жерін түпкілікті бағындыруға көшті. Бағындырудың басы империяның әкімшілік жүйесін сахарада жеделдете енгізу ісін заң арқылы жүзеге асыру болатын. Патшаның Указы қазақтардың саяси тәуелсіздігінің қалдықтарын құртуды көздеді. Орта жүзде хандық жүйесін жойған соң, патша өкіметі бұл аймақты сырт округтерге бөле бастайды, 1824 жылы Қарқаралы сырт округін құрады. Сырт округтердің басында полицейлік, соттық қызмет атқаратын ресейлік мекеме – округтік приказ тұрды. Ауылда – старшын, болыста – сұлтан, округте – аға сұлтан.

1826 жылы Қарқаралы сыртқы округі туралы күнделігінде неміс ғалымы К.А.Мейер округ приказында төрағалық етушіні «Президент» десе, оның титулы «аға сұлтан» деп көрсетеді, қазақтар приказды «диван» деп атапты. М.Әуезовтің романында приказ «дуан» деп алынған: «Қарқаралы деген округтің

әміршісі – Құнанбай мен осы Майыр. Қазақ округті «дуан» деп, мыналарды бірде «дуан басы» деп, кейде Құнанбайды «аға сұлтан» дейді. Құнанбай округті басқаратын приказдың бастығы, Майыр орынбасары болатын. Үшінші адамы – кіші сұлтан аталушы еді».

Роман-эпопея көркем шығарма, сол себептен жазушы империяның заңымен округтік приказдың қызметін Уставта реттелген қалпында өзгеріссіз сипаттауға міндеті емес-тін. Устав бойынша округті басқару жүйесінің құрамындағы ауылдарды басқаратын старшиналардың құзыреті Ресейдегі сельский старосталардың құзыретімен теңестіріліп, шені бойынша территориялық қауымдастығының жоғары лауазымды адамы «сельский головаға» тең саналды. Заң нормасын зерттесек, біз басқару ісіндегі старшина мен билерде 1822 жылға дейін нақты әскери дәреже шендері болғанын табамыз. Бұл тұжырымды дәлелдейтін факт бар. Мысалы, Жортар Ырғызбайұлының әскери старшина атағын 1818 жылы Сібірдегі ерекше әскери корпусың басшысы генерал-лейтенант Г.И.Глазенаптың қолынан Ресей тағына айырықша сіңген еңбегі үшін алыпты. Жортар Ырғызбайұлы Өскенбайдың туған ағасы екені белгілі. Жортардан кейін алты жыл өткенде оның інісі Өскенбайға старшина атағын Сібірдегі шекара бастығы С.Б.Броневский табыстайды. Броневский деген кісі жаңағы Глазенаппен 1808 жылы Сібірге оның адъютанты болып келіп, Сібірдегі казак әскерінің атаманынан Шығыс Сібірдің генерал-губернаторына шейін көтеріледі. Бізге Броневскийдің Өскенбай биге старшина атағын беруінің бір сыры оның Тобықты жеріне барған әскери экспедициялық жорығымен байланысты көрінеді. Неміс ғалымы К.А.Мейер Семейден Қарқаралыға сапар шеккенде Шыңғыстау жақтан өткен, сол елден ол Броневскийдің Тобықтыдан шыққан бүлікті тыйып, телі-тентекті тәртіпке шақыру мақсатында қарулы казактар тобымен келіп кеткенін естиді. Екінші бір сыры, Бронев-

скийдің Указда көзделген қазақтың заң мен дәстүрін жинау ісіне тікелей жауапты болғандығы. Указ облыстық бастықтарға қазақтардың заңын сұлтандар, билер, старшындар арқылы жинап, бәрінің басын құрап, жинақ шығару ісін тапсырған. Заңды жинау, жинақтау ісінде Броневский белсенділік танытып, арнайы ғылыми зерттеу мақаласын да Ресейлік журналда жария еткен. Әрине, бұл істе Броневскийге көмек беруден белгілі, әділет ісінің алды-артын байқарлық білім-ғылымы бар старшина Өскенбай би де қалыс қалмаған.

Ресей зерттеушілері «старшын» деп жалпы ру басыларын атайтын, жаңа Уставқа сай ауыл-ауылды басқаратын старшиналарды қазақтардың өз ортасынан сайлайтын тәртіп енгізілді. Старшынды сайлауға сұлтандар қатыспаған, тек сайланған адам жөнінде өзінің пікірін приказ алдында білдіруге құқығы болды. Приказ өз кезегінде сайлауды заңсыз деп тануға құқығы жоқ болған соң, өзінің сайланған кісіге келіспейтін болса, ол туралы пікірін облыстық бастыққа жеткізетін. Заң нормалары мен Броневскийдің бұйрығын ескерсек, сыртқы округтік приказ Өскенбай кандидатурасына қарсы болған деуге келер. Өйткені, хан заманы өткен кезеңде бұрынғы төрелер мен ру басылары арасында билік үшін күрес толассыз жүріп жатқан. Талас-тартыс, күрес Өскенбай уақытынан өтіп Құнанбай тұсында да тоқтамайды. 1849 жылғы шілде айында, аға сұлтандық сайлауында Құнанбай қажетті дауыс алса да, шекара комиссияның төрағасы Клейст қазан айының жетісі күні жоғары жаққа Құсбек Таукиннің де кандидатурасын жолдайды. Осы жолы Өскенбайдың ұлы Құнанбайдың кандидатурасын Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков өзі қазан айының 22-де бекітеді. Бұл күрес Құнанбайдың аға сұлтандыққа сайлануымен тоқтау, тыйым, тыныш таппай, одан әрі асқынып кетіп, үкімет билігі арқылы қылмыстық іс қозғатып, жер аудартуға талпынады.

Көкітайдың «Абай басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып, әкесіне үлкен

көмегі тиген» деуінің негізі бар. Адамзат өсіп-өну жолында әлімсақтан ұрпағын тұрмыс майданында ақылмен, ғылыммен күресе білуді үйретуден бір жалықпаған. М.Әуезов те «Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының құқықтық мәдениетінде келешекте ел ісінің иесі болатын қайраткерді балалық шақтан түзу тәрбиелеу ісі мен тәжірибесі барлығын шығарманың бірінші сөйлемінде-ақ тура жазған: «Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды». Бала шәкірт – болашақта елдің өзі білетін, өзі сенетін, өзі сайлаған азаматы, адамзатты адал жолмен өрге сүйрейтін ер.

Жазушы М.Әуезов ғалым адам, сол себепті ол өз еңбегін қазақтың ауыз әдебиетінің үлгі-өнегесімен бастап отыр. Өйткені, Мағжан Жұмабаев ескерткендей: «Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес». Мағжан сөзінің қазақтың құқықтық ғылымына да қатысы бар. Әуезов қолданған қазақ тіліндегі «bala» сөзі бағзы замандардан қоғамдық қарым-қатынасты реттеуші әлемдік заңнамалық термин. Біздің қазақ қоғамында да «bala» термині заңдылық пен құқықтық тәртіп саласындағы негізгі принцип ретінде қолданылғанын «Қарадөң» ертегісі нық бекітеді.

Ноғайлы елінің ханы Қарадөң 13 жастағы жетім баланы өзінің сарайына алады, оны екі жыл 15 жасқа шейін тәрбиелейді де елге: «Осы балаға астымдағы тағымды, басымдағы тәжімді берсем» дейді. Бұл «bala» ұғымының құқықтық мән-мағына-

сы – билікті иемденіп кетушілікке қарсы қойылған тосқауыл, тыйым, тежеу. Бала шәкірт – даланың дана демократиясы. Заң заманы, құқықтық жол. Қарадөң сияқты, Кеңгірбай би де еркін сайлау арқылы Тобықты руының басшылығына Ырғызбайды ұсынса, келешекті ойлап оның ұлы Өскенбайды бала шәкірт ретінде тәрбиелеген. Сонымен, «бала шәкірт» жастарды ел меңгермекке дайындайтын, тәрбиелейтін мемлекеттің құқықтық мектебі. Негізгі пәні – заң мен құқық.

1822 жылғы Уставта көшпелі қазақтың басқару ісі өз-

дерінің далалық заңдары және дәстүрлі құқығымен жүзеге асырылуға жататындығын мойындаған. Ресей үкіметі мойындаудан өзге, дала заңын қазақтардың құрметті адамдарын жан-жақты сұрастырып, толық жинап болған соң жинақ етіп шығаруды облыстық басқармаға тапсырады. Омбы облысының бастығы Броневскийге тиісті ақпарат берген құқық иелерінің бірі, ескі сөздің білгірі Өскенбай би. Олай болатын себебі, Өскенбай би ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болатын. Бала шәкірт Абайдың бұрынғы төрелермен басшылыққа таласуына жол ашқан қазақ құқығының білгірі Өскенбай мен Құнанбай билердің мектебі. Ойымызды Абай сөзімен қорытындыласақ: «Заң заманы – құқықтық жол» дегеніміз әділдік ісінің алды-артын байқарлық білім-ғылым.

ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Өздеріңізге белгілі, мемлекетіміздің мәртебесін биіктететін, өзге ұлттардан даралайтын басты белгіміз – туған тіліміз. Тілсіз мемлекет болмайды, халық – халық болып қалыптаса алмайды. Тәуелсіздіктің шуақты таңы атып, егемендікке қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік тіліміздің мәртебесін айқындау негізгі мақсат болды.



Гүлажар БАҚЫТЖАНОВА,
Маңғыстау облыстық сотында азаматтық
істер жөніндегі сот алқасының төрағасы

Мемлекеттік тілді дамыту бағытында заңдардың қабылдануы, үздіксіз реформалардың жүргізілуі, түрлі бағдарламалардың жүзеге асырылуы тіліміздің нығаюына айқара жол ашты. Мемлекеттік тіл төңірегінде әбден қордаланған мәселелер өз шешімін тауып, 1996 жылғы 4 қарашадағы «Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасында» тілдік дамудың басым бағыттары мен тілдердің қызмет ету жүйесі айқындалып, мемлекеттік тілде іс жүргізу мен қызметтік қарым-қатынас жасау тетіктері атап көрсетілді. Ата Заңымыздың 7-бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп белгіленді. Алайда, тәуелсіздік алғанымызға қанша жыл өтсе де елімізде мемлекеттік тілімізге ресми қолдау көрсетумен қатар, қоғам тарапынан қамқорлық жасау мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Оған себеп те жоқ емес. Атап айтсақ, қоғамдық ортадағы ресми тілдегі дыбыстық хабарламалар, көшедегі қатесінен көз сүрінетін қазақ тіліндегі жарнамалар, орыс тілінде шүлдірлескен қазақтың балалары. Айта берсек, мұндай мысалдар көп-ақ.

ҰЛЫ КӨШТІҢ ҰЛЫ АМАНАТЫ

Ұлы көштің ұлы аманаттары саналған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Әз-Тәукенің Жеті Жарғысы», одан кейінгі құқықтық қатынастар да ең алдымен қазақ тілінен, ана тілімізден сусындап жатқаны сөзсіз. Ал, би өз кезегінде заңды «бес саусағындай» білуші ғана емес, қызыл тілде ешкімге дес берместей шешен болуға тиіс деп жатамыз. Сонау бағзы заманда аузы дуалы билеріміз шешендік сөздерімен елді өзіне ұйытып, бір ауыз сөзімен қылмыскерлердің мойнына қыл бұрау салды емес пе?! Осы орайда, Міржақып Дулатовтың «Халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмейтін сот – сот емес, сор», – деген сөздері еске түседі.

Жаңа Қазақстанның талабына сақадай сай болу үшін бүгінгінің судьясы да ал-

дымен қазақ тілінде еркін сөйлеп қана қоймай, оны терең игере білуі қажет. Сонда ғана сот төрелігіндегі мемлекеттік тіл абыройлы болмақ. Оған өзім тамшыдай болса да үлесімді қосып жүрмін деп айта аламын.

Әлеуметтік желі, БАҚ беттерінде сот реформаларына қатысты түсіндірмелерді мемлекеттік тілде ғана жазып, жергілікті «Маңғыстау» телеарнасындағы «Татуласу: сотқа дейін, сотта» атты құқықтық түсіндірме бағдарламасының 2019 жылы ашылуына тікелей атсалыстым. Бүгінгі таңда бағдарламаның редакторы да, жүргізушісі де өзім. Аталған бағдарламаға судья, адвокаттарды қатыстыра отырып, қарапайым халықтың өз тілімізде құқықтық сауатын арттыру негізгі мақсатым деп білемін.

МАҢҒЫСТАУДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның 13-бабында Қазақстанда сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады делінген. Иә, сот – мемлекеттік биліктің бір тармағы саналғандықтан мемлекеттік тілді дамытуға мүдделі. Бүгінде республика соттарындағы іс-қағаздарды мемлекеттік тілге көшіру барысы тұрақты қадағаланып келеді. Ал, қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өңірдің бірі саналатын Маңғыстауда қазақ тілінің қолданысы кең екендігін мақтанышпен айта аламыз. Маңғыстау облысы бойынша соттарда сот ісін жүргізу тілінің қағидаттары мен мемлекеттік тілдің рөлін нығайту мәселесі, сотқа дейінгі материалдар мен істерді дайындау барысында тіл заңын сақтау, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту сынды өзекті мәселелер туралы дөңгелек үстел, семинарлар өткізу дағдыға айналған десек артық айтқандық емес. Бүгінде сот кеңселеріндегі қарым-қатынас тілі толығымен мемлекеттік тілге ауыстырылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келгенін, бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаз жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз қажеттігін назарға алды. Алайда, «Баяғы жартас, сол жартастың» күнін кешіп келеміз. Қашанғы өз тіліміз өз елімізде өгейсуі қажет? Неге қазақ тілінің тынысы тарылып барады? Неге қазақ тілі мемлекеттік органда «жетім баланың» күйін кешуі қажет деген сұрақтар еріксіз ойға батырады.

Осы орайда, тіл мерейін өсіретін бірнеше ұсынысымды келтіргенді жөн санаймын.

1. Тілге деген құрмет мемлекеттік қызметшілерден, халықпен тығыз байланыста жұмыс жасайтын лауазым иелерінен басталуы тиіс. Себебі, өскелең ұрпақтың тілге деген жанашырлығы һәм қамқорлығы жоғары жақтағы шенді-шекпендіге қарап, қалыптасатынын ескерсек, барлық мемлекеттік қызметшіден ана тілді білуін міндеттеуіміз тиіс. Сондай-ақ, мемлекеттік тіліміздің соттағы мәртебесін көтеру үшін судья лауазымына кандидаттарға мемлекеттік тілді білуін басты талап ретінде қою қажет.

2. Өздеріңізге мәлім, бүгінгі таңда соттарда аудармашы мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Сот өндірісінде істің қандай тілде жүргізілуі туралы қағида заң нормаларының арнайы баптарымен бекітілген. Қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабына зер салсақ «Қазақстан Республикасында қылмыстық және азаматтық сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі. Ал қажет болған жағдайда сот ісінде мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі және басқа тілдер қолданылады», – деп жазылған. Осы ретте қолданыстағы заң нормаларына сәйкес, қылмыстық істер бойынша сот тілі, бұл істердің қаралуының кез келген сатысында өзгертілуі мүмкін болса, азаматтық талап арыздар орыс немесе өзге тілде берілген жағдайда, сот тілін мемлекеттік тілге өзгерту тек қана азаматтық істі қарауға әзірлеу сатысында

ғана мүмкін. Алайда, азаматтарымыздың қазақ тілінде сөйлей тұра аудармашы сұрауы қалыпты жағдайға айналып барады. Бұл сот шешімін бұзуға негіз болып табылады. Ал, сот процесіне келсек, кейде орыс тілінде талап қою берген тараптың өзі орысша бір ауыз сөз білмей жатады. Өз кезегінде адвокаттар жауапкершіліктен қашады. Сондықтан, мемлекеттік тілде талап арыз беруге құлықсыздық танытатын, жосықсыз заңгерлердің әрекетіне тосқауыл қойылуы қажет.

КІРІС ДЕПАРТАМЕНТІ МЕН КЕДЕН ОРГАНЫ ҚАШАН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙДІ?

Кіріс департаменті мен кеден органдарынан түсетін талап арыздардың басым көпшілігі орыс тілінде. Оның үстіне, аталған органдарға қатысты термин сөздердің қарапайым жұртшылыққа түсініксіздігі «жығылғанға жұдырық» болып отыр. Сот органдары азаматтарға түсінікті болуы үшін мұндай органдардан түскен талап қоюларды орыс тілінде қарауға мәжбүр. Мемлекеттік органдар біртектес талап қоюлар бойынша арыздардың үлгісін жасақтап, тек мемлекеттік тілде талап қоюды міндеттеу керек.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі), «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы», «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодекстеріндегі» терминдерге арналған түсіндірме-сөздік топтамаларын шығару жұмыстары Үкімет тарапынан қолдау тапса дұрыс болар еді.

Сот процестері барысында судьяларға аудармашы өкілеттілігін өзі атқаруға құқық берілсе нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, соттарда екі тілді де еркін меңгерген судьялар жетерлік. Сот процестеріне судья аудармашы ретінде қатыстырылса сот шешімдері де жиі бұзылмас па еді?

«Төрелік» ақпараттық жүйесінде судьяға қай тілде іс қарайтындығы белгіленеді, кей судьялар екі тілде де іс қарайды. Екі тілді еркін меңгерген судьяларға бір тілді меңгерген судьяларға қарағанда басымдық берілсе. Мәселен, оларды қандай да бір көтермелеулерге ұсынсақ, еңбекақыларын жоғарылатсақ. Бұл бәлкім бір тілді меңгерген судьялардың да қазақ тілін білуге деген құштарлығын оятып, қос тілді меңгерген судьяларға жігер береді.

Судьялар заңгерлік білім беретін білім ордаларымен, яғни жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс жасап, қазақ тілінде сот процестерін өткізіп, іс жүргізу барысын қызықты етіп көрсетуі керек. Аталған тәсіл болашақ мамандардың тілге деген қызушылығын арттырады даусыз.

Тәуелсіз мемлекетімізде ең бастысы, заңдарды қабылдау тілі – қазақ тілі болуы керек. Жасыратыны жоқ, еліміздегі заңдардың түгелі дерлік алдымен орыс тілінде жазылып, содан соң барып қазақшаға аударылатыны ащы да болса шындық. Сондықтан, заңнамалар мен кодекстер мәтіндеріндегі тілдік ала-құлалықтар да бәріміздің ортақ мәселемізге айналып отыр. Алдағы уақытта мемлекеттік тілде әспеттеліп, дайындалатын құжаттарға, оның ішінде нормативтік заңды актілердегі тіл олқылығына көз жұма қарамауымыз қажет. Себебі, заңдар мен құжаттарды заң терминдерінен хабары жоқ аудармашылар аударады. Тіпті, қазақ тіліндегі заңнамалардың мемлекеттік тілдегі аудармасының түсініксіздігі сондай, судья болсам да кейде бірнеше рет оқығаннан кейін барып түсініп жатамын. Осы ретте аудармашылар қатарына тәжірибелі заңгер, қазақ тілін жетік білетін судьяларды қосуды ұсынамын. Сондықтан, заңдарымыз бен қаулы-қарарларымызды, іс-қағаздарымызды, ғылыми-танымдық әдебиеттерімізді, оқулықтарды орыс тілінен жаппай аударуды тоқтатып, дер кезінде жалаң аудармадан бас тартпасақ тіліміз аударма тілдің күнін кеше бермек.

Біліктілік емтихан шеңберінде Қазақстан заңнамасын білуге арналған компьютерлік тестілеуді тапсыру үшін ауылдан шыққан

жастарымыз судья боламын деген үмітпен жиі барады. Алайда, көпшілігі қазақ тіліндегі сұрақтардың мүлде түсініксіздігінен, тестілеуді ресми тілде тапсыруға мәжбүр екенін алға тартып жатады. Сонда қазақ тілінде қойылатын сұрақтарымыздың тікелей аударма түрінде берілуіне не себеп?! Осы орайда, мән-мағынасы жоқ мұндай сұрақтарды жөндеуге дайын екенімізді жеткізгім келеді. Жоғарыда аталған жағдай нағыз қазақ тілді жастардың, тіл жанашырларының сынақтан өтуіне кедергі келтіріп, сағын сындыруда.

«Су ішкен құдығыңа түкірме» деген бар. Алайда, Жоғарғы Соттағы қорытулар, баяндамалар ресми тілде жасалады. Осы уақытқа дейін қоғамда әлеуметтік маңызы зор деген мәселелер бойынша тренингтер, бас қосулардың бәрі-бәрі орыс тілінде, мысалы судьяларға арналған жиын, семинар, дөңгелек үстелдердің бірде-бірінің соңына дейін мемлекеттік тілде өткенін көрмеппін. Республика бойынша сот төрелігіндегі реформалар мен соңғы жаңалықтарды Жоғарғы Сот судьяларының фейсбук желісіндегі жазбалары арқылы біліп жатамыз. Бірақ, орыс тілінде. Сондықтан, сот төрелігіндегі жаңашылдықтар дер кезінде қазақ тілді ортаға мүлде жетпей жатады.

ҚАЗАҚША ПОСТ, ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

«Тіл өлсе, ұлт жоғалады» деген бар. Осы орайда, тілімізге жанашыр жас судьялардың бірі ретінде «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» мұндай жұмыстарды да атқаруға әзір екенімді жеткізгім келеді. Өздеріңізге белгілі, Татарстан – Ресей Федерациясының субъекті. 2019 жылы аталған елге сапарымда татар тілінде жазылған бірде-бір кодекс жоқ екенін естідім. Сол жердегі әріптестерім «өз ана тілдеріңізде заң шығара алатын бақытты елсіздер», – деп қызыға да, қызғана да қарады. Ал, біз тәуелсіз елміз. Егеменді ел

бола тұра өз қазағымызды өз ана тілімізде сөйлете алмай әлекпіз. Орыс тілі мемлекеттік тіліміздің адымын аштырмай келеді. Естеріңізде болса, 2019 жылы Ақтау қаласында «Түркі тілдес халықтардың ортақ рухани құндылығы мен құқықтық дәстүрінің қазіргі қоғаммен сабақтастығы» атты халықаралық конференция өтті. Іс-шараға қатысқан Әзірбайжан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы іс жүргізу тілі әзірбайжан тілі екенін, басқа ұлт өкілдері де мемлекеттік тілдерін меңгергенін мақтанышпен айтты. Себебі, бұл әзірбайжандықтар үшін мемлекеттік тілді білу – жазылмаған заңмен тең. Өз елімізде өгейсіген тіл мәселесі жүрегі жұртым, қазағым деп соққан бәрімізді бейжай қалдырмауы тиіс.

Заң шығарушы органдарға доғарыстағы қазақ тілді, тәжірибесі бар судьяларды тартсақ деген ұсынысым да жоқ емес. Олар бірнеше жыл қазылық қызметте жүріп, заңнамалармен тікелей жұмыс жасағандықтан, мұндай жұмыстарға отсавкадағы қазыларды араластырудың артықшылығы көп.

Кейде сот актілерін түсіндіруде судьялар іркіліп жатады. Тіпті, өзінің шығарған, жұп-жұмыр жазылған сот актісін тыңдаушы тараптарға күмілжіп, сот актісіндегі негізгі ойын жеткізе алмай әбігерге түсіп жататын әріптестерім бар. Осы ретте, заңгерлер мамандығын дайындайтын университеттерде журналистер сабақ беріп, шеберлік сабақтарын өткізсе нұр үстіне нұр болар еді.

Тіл – халықтың алтын діңгегі, ұлттық санасының негізі, іргетасы, тектілік белгісі, қозғаушы күші. Ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлығы, баға жетпес құдіреті, қуатты қайнар бұлағы да тіл.

Өкінішке қарай, тәуелсіз елмен бірге жасасып, құқықтық мемлекеттің қалыптасуында бірге өріліп, қатар келе жатқан сот саласындағы мемлекеттік тілдің қолданысы көңілден шығады деп айта алмаймыз. Тиімді реформалардың нәтижесінде тәуелсіз, ашық, қолжетімді, әділ, беделді құрылымға айналған сот билігінің қазақ тілін қажет тілге айналдыра алмауының астары тереңде. Атап айтсақ, сот жүйе-

сіндегі салмақты реформалардың басым көпшілігінің қоғамға алдымен ресми тілде жетуі қынжылтады. Оның үстіне, сот қызметіне қатысты ауқымы кең деген іс-шаралардың да орысша өтуі қалыпты үрдіске айналып бара жатқандай. Көп жағдайда ақпараттардың алдымен орысша нұсқасы сұралатыны да ащы шындық. Осы орайда, қазақ тілі аударма тілдің күнін кешуде. Өз тілімізді өзіміз қазір қажетсінбесек, қолданысын арттырмасақ тілге ертең кімнің жаны ашымақ?!

РЕФОРМАЛАР ҚАЗАҚТІЛДІ ОРТАҒА КЕШ ЖЕТЕДІ

Кейде сот төрелігіндегі реформалар қазақылықтың қаймағы бұзылмаған нағыз қазақ тілді ортаға дер кезінде жетіп жатыр ма деген сұрақ туындайды. Осы орайда, Жоғарғы Соттың мінберіне нағыз қазақ тілінің жанашыр жас судьялары қызметке алынса деген өз ұсынысымды білдіргім келеді. Себебі, бүгінгі жастарымыздың тілге деген жанашырлығын ояту үшін кез келген ортаға қазақ тілінде сайрап, айтар ойын ашық жеткізетін мамандар ауадай қажет деп білемін.

Конституциялық реформа, жаңа әділетті Қазақстанды құру жолында аса маңызды қадам жасадық. Мемлекет басшымыздың өзі «Қазақ тілі – қазақтың жаны. Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде», – деген еді. Сондықтан, қазақ тілімізді өз жерімізде өгейсітпей, көркейтуге бет бұрар кез келді деген ойдамын.

Қорыта айтсақ, құқықтық нигилизм орын алған қоғамды қалай өзгертеміз деген сұрақ мені жиі мазалайды. Сондықтан, қазақ тіліміз тағынан таймасын десек, тілі мен салтын, әдет-ғұрпын көздің қарашығындай сақтаған ата-бабамыздың жолын жалғап, баршаңызды жаңа Қазақстанды құруға атсалысуға шақырамын. Әрбір қазақ үшін қазақ тілінде мәжбүр болғандықтан емес, мақтанышпен сөйлеуі тиіс.

МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Соттар әр іс бойынша қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекеттердің жасалуы дәлелденгенін, оны жасаған кезде адамның есі кіресілі-шығасылы күйде болғанын тексереді. Сонымен бірге, адамның психикалық сырқатына байланысты өзі үшін немесе басқа адамдар үшін қауіптілігін немесе басқа да елеулі зиян келтіруі мүмкіндігін растайтын нақты фактілер анықтайды.

Адамның психикалық сырқатының сипаты және ауырлығы оның осыған байланысты өзіне және басқа адамдарға қатысты зорлықшыл әрекеттер, өзге де қоғамға қауіпті әрекеттер (мүлікті ұрлау, өртеу, жою немесе басқа тәсілдермен бұзу және т.б.) жасауға бейімділігі, сондай-ақ қоғамға қауіпті ниетін жүзеге асыру мүмкіндігіне баға беретін аурудың күй-жағдайы – оның өзі үшін немесе басқа адамдар үшін қауіптілігі дәлелденуі қажет.

Егер қылмыстық іс қозғалған немесе қылмыстық ізге түсу жүргізілген адамға қатысты психикалық жай-күйіне күмән келтіретін мән-жайлар анықталса, міндетті түрде сот-психиатриялық сараптама тағайындалады.

Бұндай жағдайларға, атап айтқанда, сезіктінің, айыпталушының отбасында психикалық аурумен ауыратын туысқандарының болуы туралы, оның ақыл-ойы жетіспейтіндер үшін арналған мекемеде оқуы туралы, бұрын зақым алғаны туралы, психиатриялық емханаларда



**ТАЛДАНОВ,
Ақтөбе қаласының №2 сотының
судьясы**

тіркелуі немесе емделуі туралы, бұрын психикалық сырқатына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен немесе жазадан босатылуы туралы және т.б. мәліметтер жатады.

Қылмыстық істе адамның ішімдік, есірткі, психотроптық немесе өзге де есеңгірететін заттарды жүйелі түрде қолдануы туралы мәліметтер болған жағдайда қылмыстық процесті жүргізуші органдар осындай адамдарға

куәландыру туралы қаулы шығарып, іске осы адам маскүнемдіктен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан мәжбүрлеу түрде емдеуді қажет ететіні және оған қарсылық жоқ екені туралы медициналық комиссияның қорытындысы қоса тіркеледі. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша қорғаушының қатысуы міндетті.

Есі кіресілі-шығасылы адамдарды немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасы бұзылғандардың ата-анасы, асырап алушылары, асырап алынғандары, бірге туған және бірге тұмаған аға-інілері, апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері заңды өкілдері болып танылады. Егер жақын туысқандары болмаған жағдайда, қорғаушы немесе қылмыстық процесс жүргізуші органның қатысуға рұқсатымен іс бойынша басқа адамдардың заңды мүддесін қорғауға құқылы адам оның заңды өкілі бола алады. Жақын туысқаны болып танылатын есі кіресілі-шығасылы адамның заңды өкілі өзінің келісімімен ғана және заңды өкілі болып басқа заңда көрсетілген жақын туысқаны танылғаннан кейін заңмен тыйым салынған әрекетті жасаудың мән-жайлары туралы куәгер ретінде жауап бере алады.

Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған адам психикалық сырқатының сипатына және ауыру дәрежесіне қарай өзіне және басқа да адамдарға қауіп келтірмейтін болса, сондай-ақ, өзге де маңызды зиян келтіру мүмкіндігі болмаған жағдайларда, тергеуші іс жөніндегі сот ісін қысқарту туралы қаулы шығарады. Алдын ала тергеу барысында адамның қылмысты жасағаннан кейін психикасының бұзылуы қылмыстық ізге түсуді жалғастыруға мүмкіндік бермейтіні анықталса, қылмыстық процесті жүргізуші орган іс жөніндегі өндірісті тоқтатады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қылмыстық істерді бірінші сатыдағы соттар қарайды.

Соттардың назары істің дұрыс шешілуіне маңызы бар, адамның қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті әрекеттерді жасағанын растайтын немесе теріске шығаратын дәлелдерді, сондай-ақ, өзге де маңызды мән-жайларды мұқият тексеру керек екендігіне аударылады. Осы мақсатпен сот мәжілісіне жәбірленушілер мен куәгерлер шақырылып,

жазбаша дәлелдер жарияланып, қаралып және заттай дәлелдер зерттеледі. Адамның есі кіресілі-шығасылы екендігі туралы мәселені шешу, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану, мәжбүрлеу шараларының түрін белгілеу сот құзырына жатады.

Прокурор мән-жағдайларды растайтын, сондай-ақ, аурудың өзі үшін және өзге адамдарға қауіптілігін дәлелдейтін істегі барлық дәлелдерді көрсетіп және олар дәлелденген жағдайда сотқа есі кіресілі-шығасылы адамға медициналық мәжбүрлеу шараларының бірін қолдануды ұсынады.

Сот істі сотта талқылаудың қорытындылары бойынша мына қаулылардың бірін шығарады: егер іс бойынша өндірісті болдырмайтын мән-жайлар анықталса, істі қысқарту туралы; адамды қылмыстық жауапкершіліктен босату және оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының бірін қолдану туралы; адамды қылмыстық жазадан босату және оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының бірін қолдану туралы; істі қысқарту және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданбау туралы; істі қосымша тергеу жүргізу үшін қайтару туралы, соттар медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының біреуін ғана және тек ҚК-тің 91-бабының 1 және 2-бөлігінде көрсетілген мән-жайлар анықталған жағдайда қолданады. Маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлықтан ауыратын адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы осы адамдарға тағылған айып бойынша қабылданған сот үкімінде немесе өзге қорытынды шешімінде көрсетіледі. Ақтау үкімі шығарылған кезде маскүнемдіктен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан мәжбүрлеп емдеу қолданылмайды.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану және психиатриялық көмек көрсету жүктелген денсаулық сақтау органдары медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін, ал одан кейін жүйелі түрде 6 ай сайын ауруды куәландырып, қолданылған емдеудің тәсілдерінің және медициналық бақылаудың негізінде сотқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды өзгерту, мерзімін ұзарту немесе тоқтату туралы негізделген қорытынды ұсынады.

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІ ҚАРАУ ЖӘНЕ ШЕШУ МЕРЗІМДЕРІН САҚТАУ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабына сай, сот билігі Қазақстан атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституция мен заңдардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Негізгі заңның бұл нормасы соттарға сыйластық пен құрмет көрсетуді білдіреді. Өз кезегінде соттар жүйе беделіне нұқсан келтіруге жол бермей, заңдылықты сақтау туралы қағидаттар мен ережелерді іске асыруға барлық күш-жігерін жұмсауға міндетті.



Айгүл САРМАЕВА,
ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы
Сот төрелігі
академиясының магистранты

Әділет органдарына қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, заңды құрметтеуге тәрбиелеу

жөнінде маңызды міндеттер жүктелген. Сот жүйесін реформалауда елеулі ілгерілеушілікке қол жеткізу үшін судьялардың кәсібилігіне, сот төрелігі мен сот әкімшілігінің сапасы-

на бағдарланған түбегейлі жаңа тәсілдерді жасау қажет. Аталған міндеттерді тиімді шешу арқылы сот жүйесінде оң өзгерістерге қол жеткізуге және азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға болады.

Сот процесіне қатысу – бұл құқықтық білімді, дағдыларды және іс-әрекеттегі белгілі бір логикалық тәртіпті қажет ететін психологиялық тұрғыдан күрделі процесс. Бұзылған құқықтарды қорғауды қамтамасыз ететін үрдістің бірі іс жүргізу мерзімдері болып табылады, өйткені, заң істі сапалы ғана емес, сонымен қатар, тез қарастыру қажеттілігін көздейді. Соңғы нәтиже тарап үшін маңызды.

Құқықтық әдебиеттерде іс жүргізу мерзімдері институты, әдетте, ондаған жылдар бойы қалыптасқан және өзгермейтін схема бойынша сипатталады: түсінік түрлері іс жүргізу мерзімдерін анықтау – оларды есептеу (басталуы мен аяқталуы, ағымдары), іс жүргізу мерзімдерін өткізіп алу және оның салдары, ағымды тоқтата тұру, іс жүргізу мерзімдерін қалпына келтіру және ұзарту (АПК-нің 10-тарауы).

Арнайы мерзімді баспасөзде жарияланатын, процессуалдық мерзімдерге тікелей немесе жанама түрде әсер ететін мақалалар мен хабарламалар негізінен қолданбалы маңызы бар мәселелерге арналған.

Біздің қоғам дамып, демократиялана түскен сайын құқықтық реттеудің барлық саласына, оның ішінде азаматтық іс жүргізу құқығын реттеуге қатысты сенімділік пен нақтылық талаптары артады. Азаматтық істерді қарау және шешу тәртібі азаматтық процестік заңнамасында айқындалған, онда іс жүргізу мерзімдері институты маңызды рөл атқарады.

Сондықтан, мерзімдерді неғұрлым белсенді қолдану фактісі, оларды сақтауға қойылатын талаптардың артуы түсінікті. Бұл, өз кезегінде, неғұрлым егжей-тегжейлі реттеу қажеттілігі, процестік мерзімдерді жіктеу, олардың құқықтық ықпал ету аясын кеңейтіп, қолдану тәжірибесін зерделеу және мерзімдердің сақталуын қамтамасыз

ететін арнайы кепілдіктерді белгілеу туралы айтуға мүмкіндік берді.

Азаматтық істерді толық және уақытылы қарау және шешу сот ісін жүргізудің басты міндеттерінің бірі болып табылады (АПК-нің 4-бабы). Барлық іс жүргізу мерзімдері азаматтық сот ісін жүргізу субъектілерінің іс жүргізу қызметінің өзектілігін реттейді, олардың міндеті азаматтық іс жүргізу санкцияларымен қамтамасыз етіледі. Алайда, іс жүргізу мерзімдерін бұзу сот практикасында жиі кездесті. Бұған істердің сот талқылауына толық дайындалмауы, кейбір азаматтардың сотқа келуден жалтаруына, ұйымдардың сот сұрауларын орындауға жосықсыз қарауына, т.б. байланысты процестік тәртіптің төмендігі себеп болады.

Бірінші сатыдағы соттардың азаматтық істі қарау кезінде мерзімдерді сақтамауы жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғаудың азаматтық сот ісін жүргізудің негізгі міндеттеріне толық сәйкес келмейтінін білдіреді.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңның (бұдан әрі – заң) 28-бабы 1-тармағына орай, судья сот төрелігін іске асыру жөніндегі міндеттерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын мүлтіксіз сақтауға және судьяның беделіне, қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның адалдығына, әділдігі мен бейтараптығына күмән туғызатын барлық нәрселерден аулақ болуға міндетті.

Сот жүйесінің қызметіндегі заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды аспектісі істер бойынша іс жүргізу тәртібін нақты реттеу болып табылады. Іс жүргізу мерзімдері тараптардың іс жүргізуінің кепілі, оларды қолдану азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәсілдерінің бірі саналады.

Процестік мерзімдер Қазақстан Республикасының заңдарымен бекітілген құқық нормалары. Әрі іске қатысатын адамдар



Ал істі қарау кезінде сөзбұйдаға жол беру іс жүргізу заңнамасының нормаларын өрескел бұзу болып табылады, онда істі мәні бойынша қарау негізсіз кешіктіріледі немесе іске қатысушы адамдардың өзге де іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыру мерзімдері бұзылады. Мысалы, істерді мерзімінен артық негізсіз қарау, сот актісін кеш дайындау, істі жоғары тұрған сатыдағы сотқа ұзақ уақыт жібермеу, т.б. мәселелер нәтижесінде азаматтар жедел сот төрелігі құқығынан айырылады.

Сол себепті, бірінші саты соттары-

үшін де, сот үшін де міндетті болғандықтан оларды тараптар да, сот та өзгерте алмайды. Сотқа жүгінген азаматтар үшін бұзылған құқықтың уақытылы қалпына келтірілуі немесе қорғалуы маңызды.

Заңның 39-бабында сот билігі беделінің төмендеуіне және судьяның беделіне нұқсан келтіруге әкеп соғатын судьяның қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі кінәлі әрекеті мен әрекетсіздігі тәртіптік теріс қылық болып табылатыны нақтыланған.

Жекелеген судьялар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде іс жүргізу мерзімдерін бұзуды асыра пайдаланатын жағдайлар жиі кездеседі. Мұндай бұзушылықтарға жол берген судьялар заңмен белгіленген іс жүргізу мерзімдерін өрескел бұзу тәртіптік жауапкершілікке әкеп соқпайдыға санайды.

ның судьялары өз міндеттерін дұрыс атқарып, іс жүргізу заңнамасының нормаларын бұзбауы тиіс. Іс жүргізу мерзімдерін сақтау жөніндегі талаптарға қайшы фактілердің орын алатынын ресми мәліметтер жоққа шығармайды.

Бірінші саты соттары жіберген кейбір заң бұзушылықтарға апелляциялық сот судьялары назар аудармайды. Соның салдарынан іс жүргізу заңнамасы талаптарын өздері де орындамайды. Мұндай немқұрайдылық өз кезегінде ел азаматтарының сот жүйесіне деген сеніміне нұқсан келтіреді. Бұған қоса жоғары тұрған сатыларға түсетін шағымдар санын арттырады.

Осыған байланысты, іс жүргізу мерзімдерін өрескел бұзған судьялардың әуре-сарсаңға салу фактілеріне түбегейлі баға беру қажеттілігіне назар аударған жөн деп ойлаймыз.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ



Индира АБЕКОВА,
Түрксіб аудандық сотының судьясы

Қоғамда дау-жанжал көп, оның туу себептері де әр түрлі. Бұларды бір ғана жағдаймен байланыстыру мүмкін емес. Сондықтан, екеуара туындаған дауды реттеу мәдениеті қалай болуда, осы сұрақ төңірегіндегі ойымызды білдіргенді жөн санап отырмыз.

Жасыратыны жоқ, біздің азаматтарда дау-жанжалды тек сот шешу керек деген көзқарас қалыптасқан. Былайша айтқанда, кереғар жағдай орын алса бірден сотқа жүгіну

Медиация институты қоғамымыздың барлық саласында, атап айтқанда, ірі бизнестерден бастап, жанұялық дау-жанжалдарда, дүние-мүлікті бөлісу сияқты мәселелерде де қолданылуда. Дау шешудің заманауи тәсілі ретінде қолданысқа енуде. Жалпы алғанда, медиация тараптар келісімімен ғана жүзеге асырылады және екі жақтың да қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатын көздейді. Бұл тәсілде тараптарға медиаторлар көмектеседі.

әдетке айналды. Содан болар, 2011 жылы қабылданған ҚР Медиация туралы заңының талаптары әлі күнге дейін қолданысқа дендеп енбей келеді.

Бұл туралы, яғни, он жылдан асса да «Медиация туралы» заңның жұмыс істеуіне құзырлы органдардың өздері мүдделілік танытпай жатқанын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған жолдауында айтқан болатын. Оның үстіне дау атаулының барлығын сотта шешудің мүмкін еместігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Сот екі жақты бірдей қанағаттандыра алмайтыны өз алдына, ақ-қарасын айыруға келмейтін жағдайлар бар. Мәселен, отбасында, ағайын-туыс, бауыр, достар, көршілер арасында туындайтын даулар бар. Бұларды сот талқылауына салудың қаншалықты қажеті бар? Мұндай кезде дау-жанжалды халқымыздың тамаша жолымен, яғни, бітімгершілікпен бітіруге болады.

Бүгінгі таңда сотқа дейін де, соттың өзінде де татуласуға барлық жағдай жасалған. Мысалы, ҚР Жоғарғы Сотының бастама-сымен сот жүйесін одан әрі дамыту мақсатында жеті басым міндет айқындалып, жұмыс топтары құрылған болатын. Солардың ішінде атап айтарлығы, «Татуласу сотқа дейін, сотта» жобасы.

Осы жоба қолданысқа енгелі қоғамның дау-жанжалды өзара келісіммен бітіруге деген көзқарасы оңалды. Себебі, бұл тұрғыда соттар тарапынан жүйелі жұмыстар жасалды. Мұндай игі істер өз кезегінде жұртшылыққа дау туындаған жағдайда оны ушықтырмай шешудің пайдалы екенін ұғындырды. Қазіргі күні дауларды келісім арқылы тиімді шешу мүмкіндіктері жоғарылады.

Татуласу шараларына Азаматтық процесстік кодекстің тұтас бір тарауының арналуы халықтың медиацияға деген сенімін нығайтты. Мысалы, сотта татуласу заңдылығына келсек, сотқа түскен талап қою тіркеліп, бұдан кейін татуластырушы судьяға беріледі. Соның негізінде татуласу рәсімдері жүргізіледі. Судья тараптарға татуластыру рәсімдерін, оның ішінде сотқа дейінгі хаттама жасай отырып татуласу, медиаторды немесе өкілдерді шақыру құқығын және татуласудың салдарларын түсіндіреді.

Татуласу келісімін бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот шешім шығаруға кетпей тұрып және сот актісінің орындалуы кезінде жасауға болады. Ол үшін тараптар өзара дауды судья немесе медиатордың жәрдемдесуімен реттеу туралы өтінішхаттарын мәлімдеулері керек.

Ал, татуласуға келіспеген жағдайда іс сотпен шешіледі. Сот екі жақты бірдей қанағаттандыра алмайтындықтан, тараптар арасында жағымсыз қарым-қатынас одан әрі өршуі мүмкін. Себебі, сот – дау алаңы. Кешегі достар түсініспеушілік, өзара келісімге келе алмау салдарынан бір-біріне өмір бойы жау болып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан, қандай жағдай болмасын татуласып, ортақ мәмілеге келу дауды шешудегі ең тиімді әдіс екенін ұмытпағанымыз абзал. «Тату елдің

түтіні түзу шығар» дегенді бабаларымыз бекер айтпаған. Осы себепті, кез келген дауда сотқа жүгінбестен бұрын ақылға салып ойланған жөн дер едім.

Сот тәжірибесіне қатысты айтсақ, сақтандыру тәжірибесінде соманы өндіріп алу туралы жедел шешуді талап ететін даулы істер болады. Сондай істің бірінен мысал келтірсек, көлікті ішімдік ішіп жүргізген жүргізушінің әрекеті екінші бір автокөлікке материалдық залал келтірген. Жол көлік апатына кінәлі жүргізуші сот қаулысымен кінәлі деп танылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның сақтандыру төлемін сақтандыру компаниясы жүзеге асырды. Бірақ, жүргізушінің көлікті мас күйінде басқаруына байланысты, компания төленген сома шегінде кері талап ету құқығы бойынша сотқа жүгінді.

Сот отырысында татуластырушы судьяның татуластыру рәсімін өткізу нәтижелері бойынша тараптар арасында медиацияға қол жеткізілді. Яғни, екі тарап та ортақ келісімге келіп, компания талап-арызынан бас тартты. Осының өзі өзара келісімнің тиімділігін көрсетеді. Татуласқаннан екі жақ та ұтады. Ең бірінші, арадағы қарым-қатынас сақталады, екіншіден, алтын уақытыңды айтыс-тартыспен қор етпейсің, үшіншіден, сот шығыны мен жолға кететін қаражатыңды үнемдейсің. Ең бастысы дау-жанжал шешудің құқықтық мәдениеті қалыптасады.

Медиацияның қолданысқа толық енбеуіне тараптардың дауды татуласу арқылы аяқтаудың түпкі мақсатын түсінгілері келмеуі, сондай-ақ, тараптар өкілдерінің, атап айтқанда, адвокаттар мен заңгерлердің істі татуласу арқылы аяқтауға атсалыспаулары себеп болуда. Тараптар өздерінің өкілдеріне сенгендіктен, олардың сөздеріне кез келген жағдайда құлақ асады.

Түптеп келгенде, заңмен айқындалған татуластыру шараларының тиімділігін халыққа жеткізуге судьялар мен медиаторлар, адвокаттар, заңгерлер, жоғары деңгейде атсалысса, қолданыс аясы күтілген нәтижеге сай кеңейер еді.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Бауыржан МҰРАТБЕКҰЛЫ,

экономист, «Болашақ» бағдарламасының тағылымдамашысы:

КІРІСТІ ТЕК МҰНАЙҒА БАЙЛАУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ



Азық-түлік бағасын мемлекеттік реттеуді жойып нарықтық еркін бағамға жіберу әлеуметтік қайшылық тудырады. Нарықтың заңдылығына сәйкес, бағаны сұраныс пен ұсыныс қана реттейді. Осы уақытқа дейін мемлекеттің азық-түлікті бақылау, реттеуге қатысты жұмыстары нәтиже берді дей алмаймыз. Бағаны әкімшілік жолмен реттеу саланың инвестициялық тартымдылығын төмендетіп, елдің импортқа тәуелділігін арттыратын фактор екенін мойындау керек.

Осы тақырып төңірегінде экономист Бауыржан Мұратбекұлының пікірін білдік.

Тариф бақылану керек

Бәсекелестік орта қалыптастыру үшін монополистердің тарифтері қатаң бақылауға алынуы шарт.

Қазіргі жағдай үкіметтің өз бақылауындағы бағаны босатып, халықты оған үйретуге жасап

отырған жұмысы сынды. Мысалы, үкімет жылдың басында инфляцияны өзінің бұрынғы қалыптасқан 6-7 пайызға дейінгі дәлізіне қайтарамыз деп уәде бергенімен, жылдың соңында инфляция көрсеткіші 18 пайызға дейін жетті. Ал, азық-түлік инфляциясы 23 пайыздан асып кетті. Бұған азық-түлік нарығының әлі

де импортқа тәуелділігі, яғни, 40 пайызының Ресейден келетіндігі біздегі бағалардың қымбаттауына әкелді. Ресейдің тауарлары біздің нарықта өзінің үстемдігін құруда.

Бұдан бірер жыл бұрын 1 рубльді біз 4-5 теңгеден сатып алсақ, қазір ол 7-8 теңгеге дейін өсті. Біз бұл мемлекеттен азық-түлікті импорттай отырып, сол елдің инфляциясын да қоса алып отырмыз. Осындай процестер азық-түлік бағасын қалыпты ұстауға, бағаны ырықтандыруға өзінің кері әсерін тигізуде. Одан кейін бағаны ырықтандырудың ең тиімді жолы болып отандық тауар өндірушілердің нарықтағы, яғни, халықтың сұранысын қамтамасыз етудегі үлесін арттыру, «Қазақстанда шығарылған» деген ақпаратты жалған емес, нақты әрі өңірлердегі басты көрсеткіш ретінде қалыптастыру керек.

Жергілікті атқарушы органдар әкімдерінің жұмысын бағалау көрсеткішін күшейтуі тиіс. Басты көрсеткіш ретінде жергілікті бизнес субъектілерінің санын және олардың азық-түлікпен қамтамасыз етуге деген қызығушылығын арттыру жұмысын алу керек. Әкімдер жұмысының рейтингісі осы арқылы бағаланатын болса олар өз кезегінде өңірдегі кәсіпорындарды, сол арқылы жұмыс орындарын көбейтуге күш салар еді. Мұндай жағдайда кәсіпорындар өз-өзінен дамиды.

Инфрақұрылымды жақсартпай жағдай мүзелмейді

Азық-түліктің бағасы жыл мезгіліне қарай өзгередінін көріп отырмыз. Мұның басты шешімі осы тауарларды сақтайтын қойма инфрақұрылымын жасау керек. Бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижесі көңіл көншітпейді. Мысалы, былтыр 83 мың тонна өнім сақтайтын қойма салу жоспарланғанымен, оның 64 мыңы ғана пайдалануға берілді немесе жоспар 77 пайыз ғана орындалған.

Қазақстан инфляциямен күрес жүргізіп жатыр. Ұлттық банктің базалық мөлшерлемені бір жылда төрт рет көтергені де сондықтан. Базалық мөлшерлеме көтеру арқылы, инфляцияны төмендеткіміз келеді. Бірақ, бұл жерде ішкі фактормен қоса, сыртқы жағдайларды да

қаперге алуға тиіспіз. Сол себепті, қазір инфляцияға қатысты болжам жасау қиын. Дегенмен, инфляцияның бетін қайтарудың жолы бар. Шенеуніктер әкімшілік жолмен азық-түлік бағасын ырыққа көндіре алмайды. Бұдан шығудың бір жолы ол – импортты алмастыру процесі. Сырттан көп әкелетін азық-түлікті өзімізде өндіруге күш салуға тиіспіз. Азық-түлік бағасын сыртқы жағдайға жалтақтамай қалыптастыра алатындай деңгейге жетсек, біраз мәселе шешімін табар еді. Ол үшін фермерлерді ынталандыру керек. Қаржылай емес, инфрақұрылымдық тұрғыдан ынталандыру маңызды. Қысқасы, фермерлерге көп өнім өндіріп, бағаны ұстап тұра алатындай жағдай жасау керек

Тұтынушылық себеп 16 жылдан бері өзгеріссіз

Биылғы жылы ең төменгі күнкөріс деңгейінің өсуі мен айлық есептік көрсеткіштің артуы мемлекеттік бюджеттен зейнетақы мен жәрдемақы алатын 5,1 миллион адам табысының жоғарылауына әкелді. Ал, ең төменгі жалақының өсуі экономиканың барлық саласында жұмыс істейтін 1,6 миллион адам табысының өсуін қамтамасыз етті.

Статистикалық мәліметтер елдегі орташа жалақы – 322 мың деп көрсетіп отыр. Бұл жерде 19 миллион халықтың еңбекке жарамды 9 млн-ның орташа жалақысы 322 мың теңге деген сенім қалыптасуы мүмкін. Негізінен олай емес. 322 мың еңбекақы қайдан келді деген заңды сұрақ туындайды. Мысалы, 5 адамды қарастыратын болсақ, олардың жалақылары әртүрлі. Ең жоғарғысы 2,5-3 млн теңге, екіншісі 500-600 мың теңге, өзгелері 70-80 мың теңге алуы мүмкін. Осы адамдардың жалақысын қосып 5 адамға бөлгенде жаңағы 322 мың теңге шығады. Бірақ, бұл экономикадағы нақты жағдайды көрсетпейді. Ол әр өңірде әртүрлі болуы мүмкін.

Президент жолдауында ең төменгі жалақыны 70 мыңға дейін өсіру айтылды. Мұның өзі Еуразиялық одақ елдері арасында ең төменгісі болып табылады. Өйткені, 70 мың теңге адамдардың күнделікті сұранысын толық қамтамасыз ете алмайды. Біздегі азық-

түлік себетіне қазір 43 тауар кіреді. Ең төменгі күнкөріс шегі 37 мың теңге болған кезде біздің 3 мезгіл тамағымыз бір адамның бір айға жететін сомасы Тағамтану академиясы бекіткен тұтынушылық себетіне байланысты есептелген. Оның өзі соңғы рет 2006 жылы ғана өзгерген. 16 жылдан бері өзгеріссіз қалып отыр.

Егер салыстыратын болсақ, көрші Ресейде тұтынушылық корзинада 150-ден астам тауар бар, Еуропа елдерінде оның саны 250-700-ге дейін жетеді. Мәселен, Ұлыбританияда азық-түлік себетінің ішінде шампан да бар. Онда әрбір азамат жаңа жыл кешінде шампан ату керек деп есептейді. Оған бұдан бөлек тұрмысқа, гигиенаға қажетті заттар мен дәрі-дәрмекке жұмсап, шаштаразға баратын жол жүру шығындарын да кіргізіп қойған. Сол арқылы қарапайым адамдардың күнкөріс қажеттіліктерінің саны мен бағасы да артады.

Біздегі 43 тауардың өзі қарапайым халықтың күнделікті тұрмыстағы қажеттіліктерімен толыққанды қамтамасыз етілмеуіне де кері әсерін тигізуде. Сол үшін бізде төменгі жалақының ең төменгі мөлшері 100 мыңға дейін ұлғайтылуы тиіс. Сонда ғана халық өз қаражатын тиімді жұмсай алады. Өйткені, қазіргі уақытта әлемде әрбір азамат жалақысының 60 пайызын күнделікті шығындарына, несие төлеуге және тағы басқаларға жұмсап, қалған 40 пайызын өзінің дамуына арнаса бұл қалыпты жағдай болып табылады. Күнделікті шығындары осы көрсеткіштен асып кетсе, адамдардың кедейшілік деңгейіне түседі деген қауіп бар. Осы процесті тоқтату үшін бізде ең төменгі жалақы өсуі тиіс.

Барлық шара инфляцияның алдын алуға бағытталуы керек

Банкроттықтың 3 түрлі әдіспен жүзеге асатынын ескерсек, Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң елдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына серпіліс беруі мүмкін. Сондықтан, бұған жалпы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайға өзінің оң әсерін беретін процесс ретінде қарауға болады. Мысалы, проблемалық кредиттердің өзі 0,5 трлн теңгеден

асып кетті. Млн-ға жуық адам алған несиесін қайтаруға қауқарсыз. Осы себепті, жаңа заң өзінің тиімділігін береді деп ойлаймын. Бұл жерде қарапайым халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруды жолға қою маңызды.

Салық кодексіне енгізілетін өзгерістер экономикаға тың серпін беруі әбден ықтимал. Бұл өзгерістер әртүрлі дағдарыстың, пандемияның және тағы басқа да жағдайлардың нәтижесінде туындап отыр. Алдағы жылы қабылданатын Әлеуметтік кодекс мемлекеттің әлеуметтік бағытқа ие бола бастағандығын көрсетеді. Мұны Президенттің сайлауалды бағдарламаларының бір тармағы деуге де болады. Әлеуметтік кодекс әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде мемлекет тарапынан көмекті қамтамасыз ете отырып, азаматтардың өмір бойы сүйемелденуін қамтамасыз ететін фактор болып табылады. Ол жұмыс күшінің кәсіби дағдыларын күшейтуге, жұмыспен қамтамасыз етудің түрлерін заңнамалық бекітуге де тиімді әсерін тигізеді.

Кодекстегі бұдан кейінгі жақсы бір дүние көп балалы отбасыларды қолдау шараларын күшейтуге байланысты болып отыр. Мысалы, мемлекеттік жәрдемақылардың 1 жастан 1,5 жасқа дейін ұзартылуы мен көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы мөлшерінің көбеюі, сосын 2024 жылдан бастап Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық кірісінің 50 пайызын балалар 18 жасқа толғанға дейін арнайы жинақтау шоттарына аударатындығы сияқты факторлардың барлығы айналып келгенде әлеуметтік жағдайдың жақсаруына оң әсерін тигізеді.

Базалық мөлшерлеме соңғы рет 5 желтоқсанда 16,75 пайызға дейін көтерілді. Мұның барлығы үкімет пен Ұлттық банктің арасындағы жұмыстың нәтижесіздігін көрсетеді. Ұлттық банк инфляцияның қарқыны жоғарылаған кезде базалық мөлшерлемені көтеру арқылы шектеу қояды. Бірақ, біз қазіргі уақытта инфляцияның қарқынын әлі де тоқтата алмай отырмыз. 2023 жылы инфляцияны тудыратын жағдайлардың алдын алуды нақты жұмыстармен қамтамасыз етпесек, 1,5-2 пайызға дейін тағы көтерілуі әбден мүмкін. Сол үшін үкіметтің 2023 жылдағы ең бірінші жұмысы импортқа тәуелді экономиканы отан-

дық тауар өндірушілердің жұмысымен алмастырып, инфляцияның алдын алу болуы керек.

Экспорттық тасымалды әртарпандандырудың маңызы зор

Қазіргі уақытта бізге сыртқы экономикалық саясатымыздың ауқымын кеңейту керек. Әлі де игерілмей жатқан батыстың, одан кейін Орталық Азияның басқа да өңірлеріне өзіміздің экспорттық тауарларымызды кеңінен шығарудың маңызы зор.

Мұнайымыздың 70 пайызға дейін Ресей арқылы өтуінің өзі біздің елге үлкен тәуекел болып табылады. Сол үшін мұнайды, газды және тағы басқа да экспорттық тауарларды өзге де логистикалық, транзиттік жолдар арқылы тасымалдауды қолға алу, яғни, әртарпандандыру қажет. Ресейдің қазіргі геосаяси жағдайы қиын болғандықтан, экономикамызға тиімсіз салалардан бас тартып, мемлекетке тиімді кәсіпорындардың еркін жұмыс жасауына пайдасы бар бағыттарды анықтауымыз керек.

Ішкі ресурстарға қаржы салу экономиканы қалыптастырады

Әлемдік ірі экономикалардағы тұрақсыздық, дамушы елдердің өсіп жатқан борышы және валюталық тәуекелдер, санкция шектеулері мен сауда соғысы, дамушы нарықтардың өтімділіктен айырылуы және ірі қаржы конгломераттарының дефолты, сондай-ақ, орталық банктердің мөлшерлемені ұзақ мерзімді өсіруге байланысты әлемдік экономикадағы терең рецессия болуы мүмкін.

Осыған байланысты әлемнің көптеген елдері экономикалық саясатын қалыптастырған кезде, бірінші кезекте ішкі ресурстарға ақша салуды жолға қояды. Яғни, әлеуметтік шиеленістерді туындатпаудың жолдарын қарастырумен қатар, ішкі сұранысты толық қамтамасыз ету арқылы сыртқы нарыққа бет бұрады. Бізге де осы принцип өте қажет. Бірінші кезекте 2022 жылы орын алған әртүрлі

сыртқы, ішкі нарықтағы жағымсыз факторларды таразыға салу, экономикалық реформалардың нәтижесін бағалау маңызды. 2023 жылы жаңадан құрылатын үкімет бола ма немесе қазіргі үкімет пе, бастысы өткен қателіктердің себебімен емес, салдарымен күресудің жолдарын қарастыруымыз керек. Шағын және орта бизнеске қазіргі уақытта, мысалы, салықтық жеңілдіктер жасалып жатыр. Бизнес субъектілерін тексеруге жарияланған мораторий ұзартылды. Осылар нәтижелі болуы үшін жемқорлықты тоқтатудың жолдарын арттыруымыз керек. Алдағы уақытта мұнай-газ секторына тәуелділікті азайтып, ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, мал шаруашылығы, туризм сияқты экономикаға қосымша ақша әкелетін бағыттарға назар аударуымыз керек.

Мұнайға тәуелділікті азайту шараларын Біріккен Араб Әмірліктері тиімді жүзеге асыруда. Ел 2030 жылға қарай күніне бес миллион баррель мұнай өндіруді жоспарлап отыр. Бұл жылына шамамен 290 миллион тонна. Сол арқылы БАӘ мұнайға тәуелді бюджеттің үлесін 2030 жылға қарай 10%-ға дейін төмендеткісі келеді. Қазір ел бюджетін мұнай компаниялары салықтарының төрттен бір бөлігі құрайды. Ел экономикасының «қара алтынға» тәуелділігін төмендегідей салаларды дамыту арқасында азайтуға мүмкіндік туды. Мысалы, Араб Әмірліктеріне жылына орта есеппен 20 миллион турист келеді. Бірнеше ірі авиакомпания БАӘ-де орналасқан. Теңіз терминалдары мен қоймалар құрылысына көп қаражат бөледі. Жасыл энергияны дамытуда олар күн көзі мен желдің энергия өндіруде тиімді екенін жақсы түсініп отыр. Ал, біздегі ел бюджетіндегі мұнай-газ саласынан түсетін табыстың үлесі 44 % құрайды.

Ұзақ мерзімді перспективада елдің мұнай саласына тәуелділігі оның экономикасын дамыту үшін үлкен қауіп болып саналады. Сол үшін мемлекеттік бюджетті бекіткенде мұнайдың әлемдік нарықтағы құнымен емес, елдегі басқа да пайдалы салалардың табыстылығымен есептеуге көшуді бастауымыз керек.

**Материалды дайындаған
Ерлік КЕБЕКБАЙ**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.2.2023 ж. жіберілді. Басуға 20.2.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 1. Таралым 1012.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»